



КӨПЖАҚТЫ СЕРІКТЕСТІКТІ ІЛГЕРІЛЕТУ МАҢЫЗДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Орталық Азия мемлекеттері басшыларының VI Консультативтік кездесуіне қатысу үшін Қазақстанға келген Түрікменстан Президенті Сердар Бердімұхамедовпен кездесу өткізді.



Президент саммит жұмысына қатысқаны үшін Сердар Бердімұхамедовке алғыс айтып, оның бұл сапары екі ел арасындағы көпжақты серіктестікті одан әрі ілгерілету тұрғысынан маңызды екенін атап өтті.

— Қазақ-түрікмен қарым-қатынасы табысты дамып келеді. Сондай-ақ стратегиялық әріптестік сипатына толық сай. Көпқырлы мемлекетаралық байланыстарымызға қолдау көрсеткеніңіз және оны үнемі нығайтуға атсалысқаныңыз үшін Сізге ризашылығымды білдіремін. Бұған дейін айтқанымдай, экономикалық ынтымақтастығымыздың деңгейі жоғары. Үкіметтер өзара сауда көлемін 1 миллиард долларға жеткізу үшін жұмыс істеп жатыр. Бұған елдеріміздің барлық мүм-

кіндігі бар. Энергетика, өнеркәсіп, көлік, логистика және басқа да салалардағы бірқатар жобалар жүзеге асыру сатысында тұр. Мәдени-гуманитарлық байланыстарды арттыруға да қолайлы жағдай жасалған, — деді Мемлекет басшысы.

Өз кезегінде Сердар Бердімұхамедов қонақжайлық танытқаны үшін Қасым-Жомарт Тоқаевқа алғыс айтты. Сонымен қатар екі ел арасындағы ынтымақтастық қарқынды дамып келе жатқанына тоқталды.

Кездесу барысында мемлекеттер басшылары сауда-экономика, энергетика, мұнай-газ және көлік-логистика салаларындағы қазақ-түрікмен ынтымақтастығының даму перспективасын талқылады.

ОРТАЛЫҚ АЗИЯНЫҢ ЖАҢА КЕЛБЕТІ ҚАЛЫПТАСЫП КЕЛЕДІ

Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен Орталық Азия мемлекеттері басшыларының VI Консультативтік кездесуі өтті.

Қазақстан Президенті осы уақытқа дейін өткен Консультативтік кездесулердің нәтижесі аймақтық ынтымақтастыққа жүйелі, жан-жақты әрі ең бастысы, сенімді сипат беріп, бұрын-соңды болмаған деңгейге шығарғанын айтты.

— Бірлескен күш-жігердің арқасында жылдар бойы қордаланған мәселелер шешіліп жатыр. Ай-

мақтың тұрақтылығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін кешенді шаралар қабылдануда. Шекара, сумен қамтамасыз ету, миграция мәселелері жоспарлы түрде реттеліп, өзара саудадағы көптеген кедергі жойылды. Шекарадағы өткізу пункттері жаңғыртылып жатыр. Көлік қатынасының мүмкіндіктері кеңейіп, жаңа бағыттар ашылуда. Сауда-экономикалық және инвестициялық ықпалдастық қарқынды дамып келеді, — деді Мемлекет басшысы.

(Жалғасы 2-бетте)

БАУЫРЛАСТАРДЫҢ БАҚЫТЫ — ЫНТЫМАҚТА



Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы өзара ынтымақтастық, бауырластық, одақтастық, сауда-саттық, мәдени-рухани байланыстар қарқынды жүріп жатыр. Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев пен Астанаға екі күндік мемлекеттік сапармен келген Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёев арасында өткен келіссөздер, Жоғары мемлекетаралық кеңес қос мемлекеттің одақтастық қатынастарын тереңдеті түсетіні сөзсіз.

Өзбекстан басшысының мемлекеттік сапары алдымен президенттердің шағын құрамдағы келіссөзінен басталды.

Келіссөз алдында Ақордада елімізге мемлекеттік сапармен келген Өзбекстан Президентін салтанатты қарсы алу рәсімі өтті. Мемлекет басшысы Өзбекстан Президентіне ілтипат білдіре отырып, бұл сапар екі ел арасындағы ынтымақтастық пен одақтастықты дамытуға тын серпін беретінін айтты.

Өз кезегінде Өзбекстан Президенті көрсеткен сый-құрметі үшін Қасым-Жомарт Тоқаевқа алғыс айтып, Қазақстанға жасаған мемлекеттік сапарының маңызына тоқталды.

Келіссөз барысында тараптар саяси, сауда-экономикалық, көлік-транзит, инвестиция, энергетика, ауыл шаруашылығы, су ресурстары, мәдени-гуманитарлық және өнеркәсіп кооперациясы салаларындағы ықпалдастықты

одан әрі нығайту перспективаларын талқылады. Сондай-ақ өңірлік және халықаралық күн тәртібіндегі мәселелерді қарастырды.

Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаев пен Шавкат Мирзиёев Қазақстан мен Өзбекстанның Жоғары мемлекетаралық кеңесінің бірінші отырысына қатысты. Кеңес отырысында екі елдің сауда-экономика, көлік-транзит, шаруашылығы және энергетика, мәдени-гуманитарлық салалардағы ынтымақтастығын кеңейтудің басым бағыттары талқыланды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев қазақ-өзбек қатынасы стратегиялық серіктестік және одақтастық рухында тұрақты дамып келе жатқанын атап өтіп, еліміз Өзбекстанмен ынтымақтастықты нығайта түсуге айрықша көңіл бөлетінін жеткізді.


— Былтыр Одақтастық қатынастар туралы тарихи шартқа қол қойдық. Бүгін алдағы он жылға арналған Стратегиялық әріптестікті және одақтастықты дамыту бағдарламасын бекітеміз. Осы маңызды қадамдар екі елдің байланысын ілгерілетуге айрықша серпін беретініне сенімдімін, — деді Президент.

(Жалғасы 3-бетте)



ТЕЛЕФОН АРҚЫЛЫ СӨЙЛЕСТІ

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Жапония Премьер-министрімен телефон арқылы сөйлесті.



Қасым-Жомарт Тоқаев Жапонияда болған жер сілкінісіне байланысты жапон халқына сабыр тілеп, табиғат апатының салдары ауыр болмайды деп үміттенетінін айтты.

Өз кезегінде Фумио Кишида Қазақстанға ресми сапарын, соның ішінде «Орталық Азия + Жапония» диалогының бірінші саммитіне қатысуын амалсыздан кейінге шегергенін өкінішпен жеткізді.

Әңгімелесу барысында Қасым-Жомарт Тоқаев пен Фумио Кишида қазақ-жапон қатынастарының қазіргі жай-күйі мен даму перспективасын талқылап, өңіраралық ықпалдастық мәселелері жөнінде пікір алмасты.



ҚҰТТЫҚТАУ ЖЕДЕЛХАТЫН ЖОЛДАДЫ

Мемлекет басшысы Сингапур Президентіне құттықтау жеделхатын жолдады. Қасым-Жомарт Тоқаев Тарман Шанмугаратнам мен Сингапур халқын Ұлттық күнімен құттықтады.

Президент Сингапурдың экономика, инновация және қоғамдық даму саласындағы таңғаларлық жетістіктерін атап өтті. Сонымен қатар еліміздің Сингапурмен арадағы шынайы достыққа және өзара қолдауға негізделген серіктестікті нығайтуға мүдделі екенін растады.

Қасым-Жомарт Тоқаев Тарман Шанмугаратнамның бастамаларына табыс, ал Сингапур халқына бақ-береке тіледі.

ОРТАЛЫҚ АЗИЯНЫҢ ЖАҢА КЕЛБЕТІ ҚАЛЫПТАСЫП КЕЛЕДІ

Басы (1-бетте)

Президенттің айтуынша, мәдени-гуманитарлық байланыс мазмұндық тұрғыдан толықтырылуда. Мемлекет басшысы мәдениет күндері, колөнер шеберлерінің көрмесі, ұлттық тағам фестивалдері, жастар форумдары мен басқа да іс-шара тұрақты түрде өткізіліп келе жатқанына назар аударды.

— Былтырғы жылдар ішінде Консультативтік кездесулер аймақтың халықаралық субъектілігі мен бірлігін танытатын, сондай-ақ қазіргі сын-көтерлерге төтеп беруге дайындығын көрсететін тиімді алаңға айналғанын сенімді түрде айта аламын. Орталық Азия кашанда бірегей өркениеттер тоғысқан аймақ болған. Оның жалпы әлемдік прогресте атқаратын ролі зор. Бүгінде ортақ тарихымызбен халықтарымыздың дүниетанымының ұқсастығына арқа сүйеіп, Орталық Азияның жаңа келбетін қалыптастырамыз. Оны келешекке ұмтылатын әрі мол мүмкіндіктер мекені ретінде танытамыз. Бұл саммит осы жолдағы маңызды белеске айналатынына сенімдімін, — деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев мемлекеттер басшылары аймақтық ынтымақтастықты, соның ішінде Консультативтік кездесулер форматын дамыту үшін барынша күш-жігер жұмсап отырғанын жеткізді. Қазақстанның төрағалығы аясында қауіпсіздік пен экономикалық серіктестікті нығайтуға, қоғамдағы әйелдердің ролін күшейтуге, сараптамалық тұрғыдан ықпалдастықты кеңейтуге бағытталған көптеген бірлескен іс-шара ұйымдастырылды.

— Осы жиында 2027 жылға дейінгі Аймақтық ынтымақтастық дамытудың Жол картасы бекітіледі. Бұл өзара ықпалдастық тетіктерін жетілдіру тұрғысынан айтулы оқиға болмақ. Аталған құжат үкіметтердің үйлесімді жұмысын жетілдіреді және осы алаңда ұсынылған бастамалардың орындалу барысына бақылауды күшейтеді. Бұған қоса, «Орталық Азия — 2040» өңірлік кооперациясын дамытуға бағытталған тағы бір маңызды құжатқа қол қойылады. Осы және өзге де шаралар халықтарымыздың игілігі жолындағы жан-жақты аймақтық ықпалдастыққа бәріміздің бейілді екенімізді көрсетеді, — деді Қазақстан Президенті.

Қасым-Жомарт Тоқаев президенттерді Орталық Азияны қауіпсіз, ынтымағы жарасқан әрі өркендеген кеңістік ретінде сақтау үшін барынша күш-жігер жұмсауға шақырды.

Президент атаған тағы бір маңызды міндет — жан-жақты ықпалдастықтың берік экономикалық базасын қалыптастыру. Соңғы жылдары бұл бағытта елеулі нәтижеге қол жеткізілді. Өңір ішіндегі сауда көлемі біртіндеп ұлғайып келеді. Бұл көрсеткіш 11 миллиард долларға жетті. Мемлекет басшысы тауар айналымын арттыру және оны 15 миллиард долларға жеткізу маңызды екенін атап өтті.

— Елдеріміздің экономикасын дамытуға бірлескен ірі инфрақұрылым және көлік жобалары



тын серпін берер еді. Өзара тиімді ынтымақтастықтың мұндай оң мысалдары аймағымызда қазірдің өзінде де бар. Мәселен, Қырғызстандағы Қамбарата 1-ГЭС-ін, Тәжікстандағы Рогун ГЭС-ін, Қазақстан, Өзбекстан және Тәжікстанның газ жобаларын, жаңа көлік дәліздерінің құрылысын, сондай-ақ басқа да маңызды жобаларды атауға болады. Бұдан бөлек, шекара маңы аудандарында сауда-логистика желілері мен өнеркәсіп хабтарын дамыту маңызды. Ауыл шаруашылығы, логистика, тоқыма және химия өнеркәсібі, құрылыс секілді перспективті салаларда жаңа келісімдер жасап, жан-жақты серіктестігімізді нығайту қажет, — деді Қазақстан Президенті.

Мемлекет басшысы Қазақстанның Орталық Азия Іскерлік кеңесін құру туралы ұсынысты қолдайтынын мәлімдеді. Оның пікірінше, аймақтың көлік-транзит әлеуетін одан әрі ілгерілетудің, сондай-ақ Орталық Азияның көлік жүйесін дамыту жөніндегі кешенді стратегияны қабылдаудың мәні зор.

— Транскаспий халықаралық көлік бағыты, «Солтүстік — Оңтүстік» дәлізі «Бір жол, бір белдеу» секілді бастамалардың маңызы айрықша. Бұл жобаларға Орталық Азиядағы барлық елдің белгілі бір деңгейде қатысуы бар. Бірлескен күш-жігердің нәтижесінде «Қазақстан — Түрікменстан — Иран» теміржол магистралінің әлеуеті дәйекті түрде артып келеді. Қазір бұл Парсы шығанағындағы елдерге шығатын ең төте жол саналады. Сонымен қатар Оңтүстік Азия нарығына шығу үшін Ауғанстан арқылы теміржол салудың келешегі зор деп есептейміз. Қазақстан өзінің көлік-транзит саласында ауқымды жұмыс атқарып жатыр. 2030 жылға дейін 11 мың шақырым теміржолды жаңғыртып, жанадан 5 мың шақырым теміржол салуды жоспарлап отырмыз, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Өңірдің күн тәртібіндегі тағы бір маңызды мәселе — су-энергетика ресурстарын рационалды пайдалану. Мемлекет басшысы суды пайдаланудың тең құқылы әрі әділ тәртібіне, өзара міндеттемені мұлткісіз орындау

ережесіне негізделген жаңа сұсаясатын қалыптастыру керек деп санайды.

— Орталық Азия елдеріне арналған Су-энергетика консорциумын құру және гидро-энергетикалық нысандарды бірлесу салу бастамасы су шаруашылығындағы көпжақты ынтымақтастыққа негіз болады. Суды бөлу мен есепке алуды цифрландыру, ғарыштық мониторинг технологияларын енгізу, жүйелі ғылыми жұмыстар жүргізу маңызды міндеттердің санатына жатады, — деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, Қазақстан білім беру, ғылым, мәдениет және адами капиталды дамыту салаларындағы бесжақты ынтымақтастықты кеңейтуді әрдайым құптайды. Қазір Орталық Азияда бірыңғай жоғары білім кеңістігі қалыптасуда.

— Бүгінде Қазақстанда аймақтағы елдерден келген 9 мыңға жуық студент білім алады. Біз Орталық Азия жастарының елімізде жоғары білім алуға ұмтылысын бағалаймыз. Осы күні еліміз АҚШ, Еуропа, Қытай, Ресей және Оңтүстік Кореяның ондаған танымал университетімен стратегиялық серіктестік орнатты. Қазақстанның көптеген аймағында шетелдік оқу орындарының филиалы жүйелі түрде ашылып, студенттерді белсенді қабылдай бастады. Бұған қоса Қазақстанда зерттеу университеттерінің саны артып, технопарктер мен инженерлік орталықтар іске қосылып жатыр. Біз Орталық Азия және Кавказ елдерінің жастарын осы мүмкіндікті пайдаланып, халықаралық деңгейде сұранысқа ие қос дипломды білім алуға шақырамыз, — деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев ақпараттық-сараптамалық саладағы ықпалдастықты жандандыру қажет екеніне назар аударды. Мемлекет басшысы бірлескен медиаөнімдерді шығару жұмыстарын қолға алу жөнінде үкіметтерге тапсырма беруді ұсынды.

— Ортақ тарихи сюжеттерді экранизациялауға, халықтарымыздың достығы мен ынтымағын дәріптеуге ерекше мән беру керек. Біз жалпыөңірлік

телеарна және ақпараттық интернет-порталын ашу мәселесін талқыладық. Бұл ретте Орталық Азия елдерінің телехабар тарату саласындағы ынтымақтастығы туралы келісімді әзірлеп, қол қоюдың маңызы зор, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Орталық Азия мемлекеттері басшыларының VI Консультативтік кездесуі кеңейтілген құрамда жалғасты. Жиынға құрметті қонақ ретінде Әзербайжан Президенті Ильхам Әлиев және БҰҰ Бас хатшысының арнайы өкілі, Орталық Азия бойынша превентивті дипломатия жөніндегі өңірлік орталығының басшысы Каха Имнадзе қатысты.

Мемлекет басшысының айтуынша, Консультативтік кездесудің алтыншы рет өткізілуі тараптардың бауырлас халықтар арасындағы ғасырлар бойына жалғасқан достық байланысты нығайтуға, көпжақты ынтымақтастықты одан әрі кеңейтуге және халықаралық аренадағы ықпалдастықты күшейтуге бейілді екенін көрсетеді.

— 2018 жылы Астанада өткен алғашқы кездесуден бері бірлескен күш-жігердің арқасында бұл жиынның дамуында айтарлықтай жетістіктерге қол жеткізілді. Бұған өңірлік ынтымақтастықты арттыру бойынша маңызды шешімдер қабылданған бұрынғы бес саммиттің қорытындылары айқын дәлел, — деді Мемлекет басшысы.

Қазақстан Президенті әлемдегі күрделі үдерістер жағдайында өңірлік ынтымақтастықты одан әрі ілгерілету жөнінде ортақ ұстаным қалыптастыру маңызды деп санайды.

— «XXI ғасырда Орталық Азияны дамыту мақсатындағы достық, тату көршілік және ынтымақтастық туралы шартты» мәні артып келеді. Мемлекеттеріміз көпжақты құрылымдар, ең алдымен, БҰҰ аясында ортақ ұстанымдарға сүйене отырып әрекет етуге тиіс. Елдеріміз әлеуетін біріктірсе, біз Орнықты даму мақсаттары саласындағы күн тәртібін жүзеге асыруға елеулі үлес қоса аламыз. Осы маңызды мақсатқа қолдау ретінде Біріккен Ұлттар Ұйымының 80 жылдығы қарсаңында Орталық Азияда орнықты даму мақсаттарына қол жеткізу туралы БҰҰ Бас

Ассамблеясының қарарын қабылдау жөнінде бастама көтеруді ұсынамын. Біріккен Ұлттар Ұйымының жоғары лауазымды өкілі, құрметті Каха Имнадзе мырзаның осы саммитке қатысуы игі дәстүрге айналып, «Орталық Азия — БҰҰ» бағытындағы тығыз ықпалдастыққа жол ашады деп үміттенемін, — деді Мемлекет басшысы.

Президент көпжақты ынтымақтастықтың берік экономикалық негізін қалыптастыру кезек күттірмейтін міндеттің бірі деп есептейді.

— Орталық Азия елдерінде өзара тиімді ынтымақтастықты кеңейту үшін мүмкіндік мол. Экология және климаттың өзгеруімен күрес саласындағы ықпалдастық аса маңызды. Барлық ел ұқсас сын-көтерлермен бетпе-бет келіп отыр. Сондықтан өзара ықпалдастықты кеңейтудің, үйлесімді жұмысты күшейтудің және климаттық күн тәртібіндегі мәселелер бойынша тәжірибе алмасудың мәні зор. Осы мүмкіндікті пайдалана отырып, Әзербайжан Президенті, құрметті досымыз Ильхам Гейдаровтың биыл күзде COP29 жаһандық климаттық конференциясын табысты өткізуіне тілектестік білдіремін, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент Қазақстанның өңірлік ынтымақтастықты жан-жақты нығайту жолындағы стратегиялық бағдары өзгермейтінін растады. Сондай-ақ бүгін қабылданған шешімдер және оның алдағы уақытта тиімді жүзеге асырылуы ғасырлардан тамыр тартатын достық пен өзара қолдау рухындағы көпжақты серіктестігімізді одан әрі тереңдетуге септігін тигізетініне сенім білдірді.

Жиында Әзербайжан Президенті Ильхам Әлиев пен БҰҰ-ның Орталық Азия бойынша превентивті дипломатия жөніндегі өңірлік орталығының басшысы Каха Имнадзе сөз сөйледі. Саммит соңында Қасым-Жомарт Тоқаев Консультативтік кездесудің төрағасы ретінде Орталық Азия мемлекеттері басшыларының атынан Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёевті Құрмет белгісімен марапаттады.

АБАЙ КҮНІНЕ ОРАЙ ҚОҒАМДЫҚ ДӘРІС ӨТТІ



«AMANAT» партиясы Алматы қалалық филиалы 10 тамыз – ұлы ақын Абай күнін мерекелеу аясында «Кітап-AMANAT» орталығында «Жүрегімнің түбіне терең бойла» қоғамдық дәрісін өткізді.

Іс-шара Алматы қаласы «Жастар Рухы» жастар қанатының төрағасы Әкежан Кеңесовтің модераторлығымен өтті. Шараға Абайдың туған ұрпағы Нұргүл Ысқақова мен «Алматы облысының музейлер бірлестігі» МКҚК аға ғылыми қызметкері Айбек Ережепов қатысты. Дәріс ақынның қатпары терең шығармаларына деген көзқарасты қалыптастыра отырып, әрбір қазақстандықтың тарихи сана-сезімін жаңғырту, Абайдың тағылым мектебі арқылы жас буынды адал ұрпақ қағидасына баулуға бағытталған.

«Мен Абай атамның кіші інісі Ысқақ атаның ұрпағымын. Ысқақ атам Абай атаға көмекші болған. Ол шаруақор, дене пішімі үлкен, салмақты кісі екен.

Абай атам ғылыммен, біліммен айналысын деп оның бүкіл шаруашылығын өз қолына алған. Кезінде ата-апаларымыз Құнанбай ұрпағы екенін ашық айта алмады. Кейбіреуі қуғынға ұшырап, көп бейнет көрді. Алайда қазір біз Құнанбайдың тікелей ұрпағымыз деп мақтана аламыз. Мұның барлығы еліміздің тәуелсіздігінің арқасы», – деді Нұргүл Ысқақова.

Кездесу барысында Айбек Ережепов Абайға арнаған арнауларын оқып, жастардың ұлы философтың шығармашылық жолы туралы қойған сұрақтарына ықыласпен жауап берді. Сонымен қатар қонақтар кітап оқудың маңыздылығына ерекше тоқталды.

БОС ЖЕР ТЕЛІМДЕРІ КӘДЕГЕ АСУДА

Парламент Мәжілісінің депутаты, «Жер аманаты» комиссиясы төрағасының орынбасары Бақытжан Базарбек және Жер ресурстарын басқару комитетінің төрағасы Мұрат Теміржанов жұмыс сапарымен Павлодар облысына барды.



мен солардан біліп, әр факті бойынша қандай тексерулер жүргізуге болатынын зерттейміз. Президент біздің комиссияға ауылдық елді мекендерді жайылымдық жерлермен қамтамасыз ету міндетін қойды», – деп атап өтті Бақытжан Базарбек.

Сондай-ақ делегация Павлодар ауданының Новочерноярка ауылында болып,

Сапар барысында олар Шарбақты ауданы Шегірен ауылында халықпен кездесу өткізді. Соңғы жылдары мұнда халыққа арналған жайылым алаңы едәуір ұлғайып, 79 мыңнан 109 мың гектарға дейін жеткен. «Жер аманаты» бағдарламасы аясында биыл тағы 4 мың гектар жерді мемлекет меншігіне қайтару жоспарланып отыр. Мамандар халықты мазалап жүрген сұрақтарға жауап бере отырып, жерді қайтарудың негізгі тетіктері туралы айтып берді.

«Біздің міндетіміз – игерілмеген және мақсатсыз пайдаланылған жер учаскелерін қайтару, сонымен қатар жер заңнамасының талаптарын бұза отырып, берілген жерлердің игерілмеу фактілерімен күресу. Павлодар облысы бойынша мұндай фактілерді салыстырмалы түрде көп деп айта алмаймын. Біз халықпен кездесіп, мәселенің бар екенін алды-

«Дзюба» және «Арман» шаруа қожалықтарының өкілдерімен кездесті. Депутаттар шаруа қожалықтарының жұмысын жоғары бағалап, олардың қайтарылған жерлерді тиімді пайдаланып жатқанын ерекше атап өтті.

2023 жылы құрылған «Дзюба» шаруа қожалығының тәжірибесі мақтауға лайық. 30 жыл бойы өңделмеген 16,7 гектар учаскеде шаруашылық картоп пен сәбіз өсіріп отыр. Жұмыстың алғашқы жылында гектарынан 40-55 центнер өнім алынған болса, биыл бұл көрсеткішті 70 центнерге дейін арттыру жоспарланып отыр.

Осыған дейін пайдасыз болып жатқан жер телімдері пайдаға асып жатса мемлекет үшін де, халық үшін де ерекше игілік екені шын. Сондықтан «Жер аманаты» комиссиясы шаруаның ілкімді болуын ерекше назарда ұстап отыр.



Қоршаған ортаға қамқорлық керек

«AMANAT» партиясы Мемлекет басшысының «Таза Қазақстан» жалпыұлттық бастамасы аясында қолға алынған «Таза бейсенбі» акциясын жалғастыруда. Оның аясында партия мүшелері мен еріктілер қауымы әр бейсенбі сайын елді мекендерде тазалық жұмысын өткізіп, табиғатты қоқыстан тазартып, қоғамдық орындарда абаттандыру жұмыстарын жүргізеді.



6 маусымнан бастап аманаттықтар және белсенділер тобы жол бойындағы аумақтар, өнеркәсіптік аймақтар, тұрғын аудандар мен әлеуметтік нысандарды коқыстан тазартып, қоршаған ортаны абаттандыруға күш салуда. Бүгінге дейін партия мүшелері 6 мың тоннаға жуық коқыс жинады, ал ел бойынша акцияға 43 мың адам қатысты. Сондай-ақ 100-ден астам өзен, көл және су айдыны коқыстан тазартылды.

Ұлытау облысында аманаттықтар мен «Жастар Рухы» жастар қанатының белсенділері бүгін Жезқазған қаласындағы Қуғын-сүргін құрбандарына арналған ескерткіш маңын күл-коқыстан тазалады. Ал Ұлытау ауданының тұрғындары партияның аудандық филиалының қызметкерлерімен бірге Халықтар тұтастығы мен бірлігі монументі маңайында тазалау жұмысын жүргізді.

«Біз үшін «Таза бейсенбі» акциясына қатысу – тек тазалық жұмыстарын жүргізу емес, сонымен қатар қоршаған ортаға қамқорлық танытып, қоғамға үлес қосу. Әр бейсенбі сайын, біз бірлесіп, өзіміздің туған жерімізді тазартып, келер ұрпаққа таза табиғат қалдыруға тырысамыз. Бұл жоба арқылы адамдардың экологиялық жауапкершілігі артып, қоршаған ортаға деген көзқарасы өзгеретініне сенемін», – деді акцияға қатысушы волонтер Дамира Есмұратова.

Ігі істен «AMANAT» партиясының Солтүстік Қазақстан облыстық филиалы да шет қалған жоқ. Мұнда облыстық партия мүшелері, еріктілер және «Жастар Рухы» жастар қанатының белсенділері Явленка ауылының маңындағы Есіл өзенінің айналасын күл-коқыстан тазартты. Акцияға қатысушылар 1 тоннадан астам коқыс жинады.



Ал Жамбыл облысында іс-шараға қатысушылар Байзақ ауданындағы «Данғыл ата» кесенесінің маңын тазалады. Экоакцияға партияластардан бөлек, аудан басшылары мен депутаттар қатысты.

«Іс-шара барысында Бурыл ауылдық округіндегі «Данғыл ата» кесенесі маңын тазалап, айналасын абаттандырдық. Сондай-ақ Бурыл төбесі аймағындағы коқыстарды жинадық. Баршаңызды тазалық сақтауға және тазалық жұмыстарын бірге жүргізуге шақырамыз», – деді партияның Байзақ аудандық филиалының төрағасы Индира Спаналиева.

Сонымен қатар Қарағанды облысы Саран қаласында партияластардың күшімен Жәніс монументінің алаңын тазар-

ту ұйымдастырылды. Саябақ аумағын ретке келтіруге 130 адам атсалысты.

Ұқсас іс-шаралар елдің басқа өңірлерінде де өтті. Әр учаскеге мәслихат депутаттары, белсенділер мен бастапқы партия ұйымдарының басшылары бекітілген. Олар сол учаскелерде тәртіп пен тазалықты қамтамасыз етеді, сондай-ақ коқыс жәшіктерін орнату, аумақтарды көгалдандыру, жолдар мен тротуарларды жөндеу сияқты инфрақұрылымды жақсарту мен дамыту мәселелерін шешеді. Жалпы, акция экологиялық мәдениетті арттырып, еліміздің әрбір азаматын қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарауға шақыруды көздейді.

Кәмила ЕРКІН

Сала сарапшыларының пікірінше, соңғы кезде телеком компаниялары ауқымды трансформацияны бастан өткеруі мүмкін. Себебі байланыс қызметін ұсынушы мекемелердің кірісі кеміп, шығыны арта түскен. Ал тозығы жеткен жабдықтар қол байлайды. Кавказдағы және Орталық Азиядағы KPMG технологиялық кеңес беру бөлімінің менеджері Әсел Хамитова PROFIT Telecom Day 2024 шарасында телеком компанияларын технологиялық компанияларға айналдыру мәселесін көтерді. Оның пікірінше, дәстүрлі телекоммуникациялық компаниялардың негізгі проблемаларының қатарына күрделі шығындар, білікті кадрлардың жетіспеушілігі интеграция мәселесі, ескі құрылғылар арқылы клиенттердің жоғары сұранысын қанағаттандыру мәселелері жатады. Олардың қатарына инфрақұрылым мен технологияға инвестициялар, жаңа цифрлық технологиялар саласындағы білім мен тәжірибенің жетіспеушілігін жатқызуға болады. Дегенмен технологиялық телеком компаниялар (techco) деректерге негізделген шешімдер қабылдауды көздейді, клиент қажеттіліктерін басты назарда ұстайды, ауқымын кеңейтіп, икемді бола түсу үшін бұлттық технологияларды пайдаланады. Сондай-ақ әртүрлі цифрлық қызметтер портфелін ұсынады. Сарапшының пікірінше, телекоммуникация саласы дәл осындай трансформацияға ұмтылуы керек.

ТҰТЫНУШЫ СҰРАУЫНА САЙ БОЛСА ИГІ

Ұмтылып та келеді. Мысалы, 2021 жылы Veeline ұялы байланыс операторы нарыққа өзінің мобильді қаржы сервисін шығарған болатын. Veeline Қазақстанның Жаңа бизнесті дамыту жөніндегі коммерциялық директоры Максим Цвыков әр абонент банк клиенті секілді мүмкіндіктерге ие екенін алға тартады.

«Мобильді қаржылық қызмет» анықтамасының мағынасына үңілгенде, оның тек қана қаржылық қызмет көрсететін банк ұйымдарынан айырмасын түсінуге болады. Мысалы, кез келген коммерциялық банк туралы ойлағанда не елестетеміз? Бөлімшеге барып, сол жерде шот ашып, карта алуыңыз керек. Бұл тұрғыда Simply мобильді қаржы сервисінің бәсекелестік артықшылығы Veeline Қазақстанның іргелі активіне негізделген. Өйткені әрбір абоненттің транзакциялар жасауға болатын банктік шот немесе әмияны секілді өзінің ұялы нөмірі мен ондағы теңгерімі бар. Егер банктер миллиондаған шоттармен мақтана алса, бізде он миллионнан астам «банктік» пайдаланушылар бар. Олардың әрқайсысында төлем жасауға болатын шоты бар екен. Біз осы жағдайды пайдалануға тырыстық. Сондықтан бастапқыда тұтынушыларымызға мобильді баланстан тікелей бірнеше төлем жасауға мүмкіндік бердік», — дейді ол.

Оның айтуынша, мобильді теңгерімді банк, терминал, аударымдар секілді кез келген жолмен толтыруға болады, сонымен қатар мобильді шоттың жарамдылық мерзімі мен қызмет ақысы жоқ. Компания өкілі мобильді қаржы жүйесінің ауқымын кеңейту барысында белгілі бір кедергілер болғанын айтты.

«Екінші кезеңде абоненттерімізге тұрақты және міндетті төлемдердің толық спектрін ұсындық: әртүрлі интернет-қызметтердің шоттарын толтыру, коммуналдық қызметтерді төлеу, жол жүру және т.б. Мұның бәрін мобильді теңгерім есебінен төлеуге болады. Бірақ сауда орталығында киім-кешек үшін төлеуге немесе онлайн-дүкенде сатып алуға болмайды. Бұл — төлемдер тізімін кеңейту барысында тап болған басты мәселе. Содан кейін жаһандық ойыншы Visa компаниясымен ынтымақтастық идеясы пайда болды. Біздің эокожүйенің басты мақсаты — өнімдеріміз



аспектілер назардан тыс қалмағанын көрдік. Бұл туралы Мәжіліс депутаты, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі Никита Шаталов заңсыз онлайн-казинолар төлем қабылдағанда тауар немесе қызмет түрін жасыру арқылы пайда тауып келгенін айтты. Оның пікірінше, жаңа заң нормалары олардың осындай қитұрқы қызметін шектеуге мүмкіндік беріп отыр.

«Бұрын заңсыз онлайн-казинолар жай ғана бұғатталған, бірақ қазіргі уақытта біз бұғаттау жұмыс істемейтінін түсіндік. Өйткені бұл онлайн-казинолар айдаларды өте тез жасайды, яғни сайт басқа мекенжайдың көмегімен қайта жасалады, және оны ойнайтындар оңай таба алады. Туризм және спорт министрлігі қандай компанияға сатып алу жүргізіліп жатқанын көруге мүмкіндік алады. Осының арқасында төлемдерді бұғаттауға болады, өйткені он-

БАЙЛАНЫС ҚЫЗМЕТІ

СОҢҒЫ КЕЗДЕРІ ТЕК ҚАНА ҰЯЛЫ БАЙЛАНЫС ҚЫЗМЕТТЕРІН ҰСЫНУДАН ТҮСЕТІН КІРІСТЕРДІҢ ТӨМЕНДЕУІ ТЕЛЕКОМ ИНДУСТРИЯСЫНДАҒЫ ЖАҒАНДЫҚ ТРЕНДКЕ АЙНАЛДЫ. СОЛ СЕБЕПТІ КӨПТЕГЕН НАРЫҚ ОЙЫНШЫСЫ «ЖАН БАҒУ» ҮШІН ӨЗ ҚЫЗМЕТІНЕН ТЫС ЖАҢА ӨНІМДЕРДІ ҰСЫНА БАСТАДЫ. ҚАЗІР САРАПШЫЛАР АРАСЫНДА ОСЫНДАЙ ЦИФРЛЫҚ ЖӘНЕ ТЕЛЕКОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ШЕШІМДЕР АРАСЫНДАҒЫ СЕРВИС - «ТЕЛЕКОМНАН ТЫС ҚЫЗМЕТТЕР» ДЕГЕН АТАУҒА ИЕ БОЛДЫ. БҰЛ ПРОЦЕСТЕР ҚАЗАҚСТАНДЫҚ НАРЫҚҚА ДА ӘСЕР ЕТУДЕ. НӘТИЖЕСІНДЕ, ІШКІ НАРЫҚТАҒЫ МОБИЛЬДІ ОПЕРАТОРЛАР ДА «ЭКОЖҮЙЕ» БОЛУҒА ҰМТЫЛАТЫНЫН КӨРСЕТЕ БАСТАДЫ.

«БАНККЕ» айналып бара ма?

мен тауарларды жеткізушілермен осы ақша арқылы есептеседі. Яғни, біз мобильді қосымшалар, USSD командалары немесе SMS арқылы ұялы байланыс теңгерімдерін қолдана отырып қаржылық қызметтерді ұсынамыз. Бұл пайдаланушыларға ыңғайлы және қолжетімді», — делінген жауапта.

ОЙЫН БИЗНЕСІНЕ ПАЙДАЛАНЫП ОТЫР

Ал «Кселл» АҚ «Айқын» газетіне қазір ешқандай қаржылық қызмет көрсетпейтінін жеткізді.

«Себебі мұндай операцияларды жасау үшін арнайы лицензиясы болуы керек. Бізде ешбір қаржылық ұйымдармен келісімшарт болған емес және болмайды. Барлық төлемдерді, келісімшарттар мен түрлі есеп айырысуларды Ұлттық банкте тіркелген төлем ұйымдары ғана жүргізеді және олар AML үшін жауап береді.

Ал букмекер және онлайн казино қызметі үшін төлем жасау мәселесіне келер болсақ, баланстағы қаржымен төлеу қызметін біздің абоненттер үшін Ұлттық банкте тіркелген қаржылық институттар, банк-

лайн-казино оларды басқа тауарлар немесе қызмет түрлері ретінде жасырады. Яғни, Дубайда киім-кешек, қызмет сатып алып жатқандай көрінгенімен, іс жүзінде бәс тігесіз. Осылайша, олар Қазақстандағы халықаралық төлем жүйелерін, банктер мен төлем ұйымдарын алдайды. Енді бұл төлемдерді бұғаттау мүмкіндігі бар және бұл қылмыстық қудалауда жүрген заңсыз онлайн-казино ұйымдастырушылары үшін қосымша қиындықтар туғызады», — дейді ол.

ҚАНША АДАМ ҚАМТЫЛҒАН?

Қазіргі уақытта отандық байланыс нарығында 20-ға жуық байланыс операторы (қалааралық және халықаралық телефония қызметтері, интернет желісіне қол жеткізу, спутниктік жылжымалы байланыс), сондай-ақ үш ұялы байланыс операторы жұмыс істейді. 3G, 4G және 5G технологияларын енгізе отырып, ұялы байланыс абоненттері ұялы байланыс желілері арқылы кен жолақты интернет желісіне қол жеткізді. Бүгінде Қазақстанда 18 миллионнан астам мобильді қолжауапты интернет абоненті бар. Ұялы байланыс абоненттері арасында интернеттің ену деңгейі 70%-ға жеткен. Халықаралық электрбайланыс одағының деректеріне сәйкес, Қазақстанда халық үшін мобильді интернеттің қолжетімділік деңгейі 99%-ға, тіркелгені 96%-ға бағаланады. Ал Datareportal цифрлық технологиялар туралы зерттеуіне сүйенсек, 2024 жылдың басында Қазақстан халқының 92,3%-ы интернетті пайдаланған. Оның ішінде, 14 млн азамат әлеуметтік желілерді белсенді қолданады. Бұл 2023 жылдың басындағыдан 3,7 млн адамға артық.

Bytedance-тің жарнаманы жоспарлау құралдарында жарияланған деректерге сүйенсек, 2023 жылдың басынан 2024 жылдың басына дейін Қазақстанда TikTok жарнамасы қамтылған аудитория саны 3,7 миллионға (+35,4 пайыз) өскенін көрсетеді. Бұл — әлеуметтік желілер арасындағы ең үлкен көрсеткіш.

Сондай-ақ GSMA Intelligence деректері ұсынылған, олар 2024 жылдың басында Қазақстанда 26,24 миллион ұялы байланыс абоненті болғанын көрсетеді. Зерттеу авторлары бір адам бірнеше ұялы байланыс нөмірін қолданатынын назардан шығармай керектігін еске салады. Қалай десек те, телекоммуникация мен ақпараттық технологиялар тоғысы тұтынушыларға жаңа қызметтердің қолжетімді болуына итермелеп отыр.

Желі қолданушыларының интернет-банкингті пайдалану көрсеткіші



арасында тығыз байланыс орнату», — дейді М.Цвыков.

Қазір ұялы байланыс операторы клиенттерге мынадай қаржылық қызметтерді ұсынады: мобильді теңгерім аударымы, банк картасына аударымдар, жолақы, коммуналды қызметтерге, ақылы жолдар мен көлік тұрағы үшін ақы төлеу, несиелерді өтеу, балансты қолма-қол ақшаға айналдыру; ойын шоттары мен Satti Zhuldyz лотореясын толтыру және т.б. Компания өкілі «Ұялы байланыс операторы қалайша қаржылық қызметтерді ұсына алады?» деген сауалымызға Veeline төлем ұйымының агенті ретінде қызмет ұсынатынын жеткізді.

«Ол абоненттерге ЕДБ (екінші деңгейдегі банк) шығарған электронды ақшаны саатады. Әрі қарай абоненттер қызметтер

тер мен қаржы ұйымдары ғана жүзеге асырады. Оларды тексеру біздің құзыретімізде емес», — деп жауап берді «Кселл» компаниясының өкілі.

Әрине, байланыс саласы — жаңа технологияларға арқа сүйейтін негізгі инновациялық секторлардың бірі. Дегенмен баршаға жасалған қолайлы мүмкіндіктер ойын бизнесінен де айын онынан тудырып отырғанын көреміз. Жоғарыда айтып өткеніміздей, азаматтар қазір ұялы байланыс теңгерімі арқылы онлайн-казиноларда мен букмекерлік кенсе сайттарында ойынға бәс тіге алады. «Күршінің арқасында күрмек су ішер» демекші, бұл мүмкіндіктер заңсыз ойын бизнесінің пайда табуына да септігін тигізуде.

Өткен айда Мемлекет басшысы қол қойған «Ойын бизнесі туралы» заңда осы

« Мен » мен « Менікі »

Абайдың бар мен жоқтың бойын бойлап, бақи мен жалғанның шекарасын оймен барлап, Хаққа тура бетін бұрып, жаныңды көзіңе көрсеткендей етіп сондай бір сеніммен нақтап тұрып айтқан сөзі – Жан мен Тенге қатысты. Соның ішінде тірі мен өлі адамның айырмашылығын, яғни Хаққа тиесілі «Мен» мен тірі пендеге тиесілі «Менікі» ажыратып берген Абайдың «Өлсе өлер табиғат, адам өлмес» және «Көк тұман – алдыңдағы келер заман» атты өлеңдері. Тіпті, Жан мен Тенді дербес талдаған «Жетінші», «Қырық үшінші сөздерінде» де дәл осы өлеңдердегідей «Меннің» (Эгоның), яғни «Өзімнің» жігін ажыратып бермейді.



Тұрсын ЖҰРТБАЙ

Қарабайырлап түсіндірсек: «Мен» – мынау он сегіз мың ғаламды жаратқан Жаратқан Иемнің, яғни Хақтың өзі. Ал «Менікі» – тек әр пенденің жеке өзі иелік ететін Тәні, тапқан мүлкі, сүрген өмірі. Сенімен бірге «Менікінің», яғни саған тиесілінің бәрі өледі. Тек ұлы озанды «Мен», яғни Алла сыйлаған «Жан» өлмейді. Қазактың, адамның бойынан жан шыққанда: «Алланың өзі берген аманатын – өзіне қайтарды» деп жақындарын жұбатуында сондай емеуірін жатыр. Сонда, тұмысыңнан бойыңа біткен жан, өлгенінде неге екіге бөлініп кетеді. Неге «Менікі» өліп, «Мен» мәңгі жасамақ? Ол неге «Менге» ілесіп, «қайтып келіп, ойнап-күлмейді»?

Сонда осы «Мен» дегеннің мағынасы не өзі? Оның табиғаты қандай? Күпірлік деменіз, Абайдың өзі қойып отырған мәселе болған соң, осылай сұрақ қоюға және жауап іздеуге міндеттіміз.

Шиырлы ұғымдарға шығандап кетпес үшін әуелі адам жанының «Меніне» тоқталайық. Жан туралы пікірлердің барлығын жинақтап талдаған Насыр Хұсраудың «Жәмііне» берілген Халил Анданидің түсіндірмесі бойынша:

«Адамның «Мені» – Жан мен Тәннің қосындысы. Бірақ мұны сөзбе-сөз ұғынбау керек. Аристотельдің пайымдауынша: Жан – тәннің кемелдік кепілі. Тән – қуат (күш) тұрғысынан алғанда тірі (ағза, дене, яғни тірлік иесі). Ал Жан өзінің мах,ияты (болмысы) бойынша өмір сүреді. «Мен» – Жанның өзі. Өйткені тірі тәннің өмір сүруіне мүмкіндік беретін қуат – адамның жаны, яғни тән – жанның көлеңкесі», – деп анықтама береді (Jami', 109, 110).

Демек, ақылы жәуһардың (жәуһари-й акли) дәргейіндегі «Мен» – саналы Жан иесі ретінде Тәннің және тән мүшелерінің қилы қарқынды реттеп отырады, яғни дене (тән) – Жанның құлы. Ойлы сөз бен саналы пікір (нұтқ) – адам жанының қабілетін білдіріп, мағынасын анықтайтын бағдар безбені. Оның таразысы – Хаққа тиесілі Кулли Ақыл, яғни Ақыл. Абай бұған:

«Ақлия дәлелім: Құдай тағала бұл ғаламды ақыл жетпейтұғын келісімменен жаратқан, онан басқа, бірінен бірі пайда алатұғын қылып жаратыпты... Пайда, залалды айыратұғын қуаттың аты – ақыл», – деп кепілдік ете бағалайды.

Ал сол Ақылдың – амалын, Жанның – қозғалысын қимыл-әрешке келтіріп, бағыттайтын қандай күш? «Менге» тиесілі исләм және еуропалық ілімді салыстыра талдаған М.Иқбал бұған:

«Біз Эгоны (Менді) – өзін қабылдау, бағалау мен қалау еркі әрекеттері арқылы бағалаймыз. Эгоның (Меннің) тіршілігі – эгоның (Меннің) қоршаған ортаға, ал қоршаған ортаның Эгоға (Менге) кірігуімен шарттанған қысымның (Яғни, Қуаттың – Т.Ж.) бір түрі. Эго (Мен) бұл өзара кірігуі арнасынан тысқары тұра алмайды. Ол онда бағыттаушы энергия (Қуат) ретінде тіршілік етіп, өзінің осындай тәжірибесінің арқасында қалыптасып, тәрбиеленеді» (82), – деп жауап береді.

Мұндағы айтылып отырған «қысым» мен «энергия» дегеніміз – кәдімгі Абай көрсетіп берген Жан қуаты. Ал Абай Жан қуатын:

«Жан қуаты дейтұғын қуат – бек көп нәрсе... Бұл қуаттың ішінде үш артық қуат бар, зинһар, соны жоғалтып алу жарамас, ол

жоғалса, адам ұғылы хайуан болады, адамшылықтан шығады», – деп таныстырады.

«Жан қуатының» ішіндегі пенде атаулы білуге тиісті «үш артық қуат» не? Абай:

«Біріншісі, орысша «подвижной элемент» деп аталады. Ол не нәрсе? Не көрдің, не есіттің, әрнәшік білдің, соны тездікпенен ұғып, ұққандықпенен тұрмай, арты қайдан шығады, алды қайда барады, сол екі жағына да ақылды жіберіп қарамаққа тез қозғап жібереді.

«Екі жағына да Ақылды қозғамақ» дегенге қарағанда, бұл арада Абай «Кулли жан» мен «Кулли табиғаттың» арасындағы «Саналы Жанның» себепкерлігін меңзеп отыруы мүмкін.

«Екіншісін орысша «сила притягательная однородного» дейді. Ол – бір нәрсені естіп, көріп білдің, хош келді, қазір соған ұқсағандарды тексересің... Бәрін ойлап, білгенін тексеріп, білмегенін сұрап, оқып, бөтеннен хабарланып білмей, тынштыпайды.

Берілген мінездемеге қарағанда, бұл – Ынтызар, білмекке Құмар Жан.

«Үшіншісін, орысша «впечатлительность сердца» дейді, яғни жүректі мақтаншақтық, пайдакүнемдік, жеңілдік, салғырттық – бұл төрт нәрсе бірлән кірлетпей таза сақтаса, сонда сырттан ішке барған әр нәрсенің суреті жүректің айнасына анық раушан (нұр) болып түседі. Ондай нәрсе тұла бойыңа жайылады, тез ұмыттырмайды».

Бұл сыпаттамадан «сезімтал» немесе төменгі жанның мінез-құлқы байқалады.

Осы «үш қуатқа», яғни қазақтың тұрақты сөз тіркесімен айтсақ, «Жанға тыныштық бермей-

тін» құштарлық – қандай құштарлық немесе соған мәжбүр ететін мұқтаждық – қандай мұқтаждық?

Ол – МЕН (ЭГО)! «Мен» тұрғанда, «Менмендік» тұрғанда, Өзімшілдік тұрғанда тек:

«Ақыл қуаты бірлән мұны (Меннің мұқтаждығы мен құштарлығын) токтатып болмайды. Һәм ақыл, Һәм қайрат – екі мықты қуат қосылып (барып (Меннің) қанағатсыз пиғылын) токтатады. Ол екеуі кімде бар болса, бағанағы екі қуаттың (Жанның: екінші, үшінші түрі) қуаты – мұнан салса онан шығатын бір жорға атпенен тең» болмақ.

Ал Абайдан кейін отыз жылдан соң өмірден қайтқан, Мустансыр Мирдің түсіндіруі бойынша: «Пәкістан мемлекетінің рухани әкесі» саналатын ұлы ақын-философ Мұхаммед Иқбал (1938 ж.к.б.):

«Меннің» тұтас Ақихаты – «Меннің» тікелей ұстанымында тұрады. Сіз «Менді» кеңістіктегі зат секілді немесе уақыт тәртібіндегі тәжірибелер реті секілді қабылдай алмайсыз. Сіз, «Мені» (яғни, «Менді»): «Менің тұжы-

»Эгоның (Меннің) Ақихаты-тығы талассыз. «Тіпті, бұл Ақихатты – ақли тұрғыдан негіздеу тым терең, күрделі болғанның өзінде де, Эгоның (Меннің) Ақихат ретінде бар екені дау туғызбайды» (79) [.

Абай «Меннің Ақихат» екендігіне еш күмән келтірмейді. Сондықтан да:

«Ғұмыр өзі – Ақихат. Қай жерде ғұмыр жоқ болса, онда кәмебет жоқ», – деп қысқа қайырады.

Енді, ол «Менді» (Эгоны) кім және қалай билейді? әрине, ақылы сана. М.Иқбалдың дәлелдеуінше:

«Эгоның (яғни, «Меннің») – «адам санасының бірлігі» саналатын өз орталығы бар» (77) және ол «ішкі тәжірибенің бірлігі» болып табылады. Құранда айтылғанындай, адамның Эгосында (Меніде) Тарихпен және Табиғатпен қатар тұратын танымын қайнар көзі.

Абай ол «орталықтың қайнар күшін», яғни «ішкі тәжірибелік бірлікті» сәйкестендіре іс-әрекетке жұмылдыратын қуатты «Меннің» – Эгоның өзінен іздейді және оны:

«Ол, мен айтқан үш қуаттың ішіндегі екеуі, яғни «сила притяга-

«*Адамның «Мені» – Жан мен Тәннің қосындысы. Бірақ мұны сөзбе-сөз ұғынбау керек. Аристотельдің пайымдауынша: Жан – тәннің кемелдік кепілі. Тән – қуат (күш) тұрғысынан алғанда тірі (ағза, дене, яғни тірлік иесі). Ал Жан өзінің мах,ияты (болмысы) бойынша өмір сүреді. «Мен» – Жанның өзі. Өйткені тірі тәннің өмір сүруіне мүмкіндік беретін қуат – адамның жаны, яғни тән – жанның көлеңкесі», – деп анықтама береді (Jami', 109, 110).*»

рымдарым, ерікті ұстанымдарым, мақсатым мен ұмтылыстарым» деген тұрғыдан түсініп, бағалауыңыз керек», – деп пікір білдіреді.

Бұдан кейін Жанның «Мені» туралы мағлұматтармен толығырақ таныстыру мақсатында М.Иқбалдың тәфсірлі тұжырымдарын салыстыра отырып назарға ұсынамыз. Өйткені мұнда, жоғарыда атап өткеніміздей, Жан мен «Менге» (Эгоға) қатысты арғыбергі ғұламалардың пікірі тұжырымдалып берілген.

Сонымен, Иқбалдың айтуынаша:

«Адам – «айрықша индивидуалдыққа» иелік ететін Болмыс (76). Оны физикалық денеде тіршілік ететін жаратылыс дегеннен гөрі, ол – осы физикалық дененің Эгосын немесе «Менін», тіпті оның тұлғалық сипатын құрайтын жаратылыс деген дүрыс».

Бұл Абайдың: «Ақыл мен жан – мен өзім, тән менікі» деген өлең жолымен сәйкес келеді. Мұндағы «Мен өзім» – эго, яғни адам, ал «тән менікі» деп отырғаны – «физикалық тұлғалық сипат». Демек, М.Иқбалдың пайымдауынша:

«подвижной элемент». Бұл екеуі қосылып тұра тұрған (кезде): күллі пайда да бұлардан шығады, уа күллі зарар да бұлардан шығады», – деп көрсетіп береді.

Мұндай ықпалды «жан қуатына» ие:

«Эго (Мен) – өзін ментал (ақылы) күйдің... бірлігі ретінде танытады» (79) және оның «бағыттаушы функциясы (міндеті) бар» (82).

Демек, бұл арадағы, денесіз, түрсіз, затсыз, тек сана мен көңіл күй ауанын туындайтын «ментал» терминінің мағынасын – Діл деп тәржімалауға болар еді. Өйткені діл де, ментал да саналық (мыслительный), жұлынжүйкелік, (психический), зерделік (интеллектуальный) сапаны білдіреді. Сонымен қатар Абайда «фиғылы жан» деген тіркес бар. «Менталымыз» осы «фиғылы жан» болуы да мүмкін. Оны нақты бекітіп айта алмаймыз. Ендеше Абайдың:

«Соған ұқсаған іштегі жан қуатыменен жиған нәрсенің аты – ақыл, ғылым» дегендегі мензеп отырғаны да осы «фиғылы жан» шығар.

Ол – Жоғарыда Иқбал атап көрсеткен «бірлік пен міндет

Және эго

үйлестіруші, бағыттаушы» орталық.

Ал орталық дегеніміз – соның барлығының діліне ие болған «Меннің» – Эгоның нақ өзі. Одан басқа ділдік құбылысқа ие жаратылыс болуы мүмкін емес. Ақыл мен жанның «Менге» ауысқаннан кейінгі «ішкі тәжірибелік нәтиже», Абайдың тілімен айтқанда, «білім-ғылым», характер.

Иқбал «Менді»: «Әрекетшіл Мен» және «Бағалаушы Мен» деп екіге бөледі.

«Әрекетшіл Мен» – «нәрселердің сыртқы тәртібімен байланыста болатын күнделікті өмірдегі практикалық «Мен» (38). Ал «Бағалаушы Мен» – сананың ішкі тіршілігімен байланысты болады. Меннің екі қыры арасындағы бұл айырмашылық уақыттық болмысты салыстырғанда айқындала түседі» [27, 2, 732].

Ендігі мәселе, Жаратқан ием жаратқан Ділдің тепе-теңдігін бұзатын сол «Меннің» – Эгоның мұқтаждығы мен құштарлығына кеп тіреледі. Өйткені:

«Оның іс-әрекетіндегі жөнсілтеушілік пен бағыттауды білдіретін бақылау элементі Эгоның (Меннің) еркін жеке тұлғалық себептілік екенін көрсетеді» (М.Иқбал, 86).

Мағынасы сәл бұлдырлау ойдың тігісін жатқызып баяндасақ, оның ұзын-ырғасы мынадай: «Меннің» – Эгоның өз мұқтаждығы мен құштынысын қанағаттандыру үшін: не қаласа, соны істей алатындай еркіндігі бар, қазақылап айтсақ, «бас еркіндігі өзінде». «Тұлғалық себеп» деп сол қимыл еркіндігін атап отыр. Ал «фиғыл», ниет дегеніміз де тура осы мұқтаждық пен құштынысты тудыратын қасиет. «Тұлға» деген атау кашанда жағымды мағынада айтылғандығын ескерсек, онда «тұлғаның» бұл арадағы мағынасы, егер: «Жүректі – мақтаншақтық, пайдакүнемдік, жеңілдік, салғырттық – бұл төрт нәрсе бірлән кірлетпей таза сақтаса, сонда сырттан ішке барған әр нәрсенің суреті жүректің айнасына анық раушан (нұр) болып түседі. Ондай нәрсе тұла бойына жайылады, тез ұмыттырмайды. Егер де бағанағы төрт нәрсемен жүректі кірлетіп алсаң, жүректің айнасы бұзылады, иә, қисық, иә, күнгірт көрсетеді. Енді ондай нәрседен оңды ұғым болмайды».

Мұхаммед Иқбалдың «Меннің» тарихы мен табиғаты Құранда да айтылған» деп отырғаны да сол «Меннің», «Өзімнің», Эгоның – менмендігі, өзімшілдігі, қанағатсыздығы, Абайша айтқанда, «істің өлшемін білмегендігі», яғни әлгі өзі айттып, біз нақты анықтай алмаған «фиғылы жанның» пиғыл тілегі, нәфсисі. Егер: «Оны білмесен, бақпасан – айырыласың. Және әрбір жақсы нәрсенің өлшеуі бар, өлшеуінен асса – жарамайды. Өлшеуін білмек – бір үлкен керек іс. Ойланбақ жақсы, іске тіпті салынып кеткен кісі ойын байлай алмай, қияли болып та кеткені болады.



Ішпек, жемек, кимек, күлмек, көңіл көтермек, құшпақ, сүймек, мал жимақ, мансап іздемек, айла-лы болмақ, алданбастық – бұл нәрселердің бәрінің де өлшеуі бар. Өлшеуінен асырса, боғы шығады».

Әрине, «Меннің», «Өзімнің», Эгоның және «фиғылы тілектің» «менмендігі нәфсіден ғана шектелмейді. «Берген сайын «Бер!» деп тұрса, Жан шыдай ма? Шыдамайды. Тіпті, шыдаған күннің өзінде, «Меннің» бойында «жақсыны жамылып» жаманатқа бастайтын: «Еркіндік пен жоспарсыздық (бейберекетсіздік) сифат та бар» (М.Иқбал, 86).

Сондай-ақ фиғылда қандай қанағат, тәубе болушы еді? Ал Абайдың пайымдауынша: «Оған итермелейтін де сол ақыл мен ғылым... Оның да неше түрлі кеселі, кесепаты тиер нәрселері бар... «Ненің қызығын көп іздесең, соның күйігін бір тартасың» деген. Баз махфи олмая (ол құпия болса да айтайын), ол: мен айтқан үш қуаттың ішіндегі екеуі, яғни «сила притягательная однородного» бірлән «подвижной элемент» – бұл екеуі қосылып тұра тұрған (тұратын) нәрсе, күллі пайда да бұлардан шығады, уа күллі зарар да бұлардан шығады. Бұларды түбегейлеткенде – жақсы нәрселерді түбегейлетіп, жаман нәрселерден, яғни жоғары айтылымшы секілді адамшылықтан шығарып, құмарпаздыққа салып жіберетұғын нәрседен бойды ерте тыйып алуға керек».

Абай, бұл арада: өзінің бүкіл шығармашылық-инсандық аңсар-мүддесі болған «ақыл мен ғылымды» тәркі етіп отырған жоқ. Сол ақыл мен ғылымның кейде теріс пиғылға қызмет ететінін, мысалы, адамды өлтіретін неше түрлі қаруды жасауға итермелейтін ақыл мен ғылымның теріс пиғылын» әшкерелеп отыр, яғни өзінің «Он жетінші сөзіндегі» ғылымның Ақылға қарата:

«Ей, ақыл! Сенің айтқандарыңның бәрі де рас. Сенсіз ешнәрсе табылмайтуғыны да рас. Жаратқан тәңірінің де сен танытасың, жаралған екі дүниенің жайын да сен білесің. Бірақ сонымен

тұрмайсың, амал да, айла да, бәрі сенен шығады. Жақсының, жаманның екеуінің де сүйенгені, сенгені сен. Екеуінің іздегенін тауып беріп жүрсің, соның жаман», – деп айтқан уәжінің астарын қайталап ашып отыр.

Ислами ойлау жүйесі мен дүниені қабылдау танымдарының тарихын жаңа көзқарас тұрғысынан сүзгіден өткізіп, заман ағымының ықпалы мен жаратылыстану және қоғамтану ғылымдарының жетістіктерін философиямен үйлестіруге ұмтылған Мұхаммед Иқбал «Мен» туралы талқылай келіп:

«Эго (Мен) (84) өзінің «өмірі мен еркіндігін Жоғары Эгомен (Яғни, Хақпен не Кулли ақылмен) бөліседі» (86-87), мұны жүзеге асыратын тәсілдердің бірі – құлшылық арқылы орындалады

“

Ислами философиядағы «Меннің» басты мұраты – Хақпен дидарласу. Ал Хаққа тиесілі ғайып дүниесінің мұғжизалары – Ақихатқа тән. Ол – мүлдем басқа тәфсірдің тақырыбы.

”

(87)», – деген қорытындыға келеді.

Хаққа мінәжат етуді Абай да: «Шүкірліктен ғибадаттың бәрі туады. Енді зинһар (есте сақта): әділет, шапқаттан (мейірім-шапағаттан) босанбандар (айырылмандар). Егер босансан (айырылсан), иман да, адамдық та нәммасы босанады (айырыласың). Аллаяр Софының «Бір фәрәдәдән йүз фәрәдә бижай» (Бір пердеден жүз перде жыртылады) дегені басына келеді», – деп міндет етіп қояды.

Бұл: мінәжат жасап, құлшылықету – «Менді» менмендіктен, өзімшілдіктен, нәфсіқұмарлықтан құтқарады, өзіңді-өзің кішіпейіл ұстап, – деп сақтауға үйретеді – деген салауат сөз. Мұның себебін Мұхаммед Иқбал: «Діни амбиция – философиялық амбициядан жоғары тұрады. Дін қарапа-

йым концепциямен қанағат таппайды, ол мақсат тұтқан объектісімен терең танымға және байланысқа ұмтылады. Бұл байланысқа ұластыратын дәнекер – рухани нұрлану халіне жеткізетін құлшылық немесе мінәжат етіп жалбарыну... Ерекше қалыпқа ие медитация (мыс. Зікір салу) немесе құлшылық, яғни дұға етіп жалбарыну Жоғары Ақихатпен байланыс орнатуға мүмкіндік береді... Исламдағы құлшылық – Эгоның «Меннің» құрсауынан құтылып, азаттыққа ұласудың жолы», – деп түсіндіреді.

Жалпы алғанда, құлшылық ісі ислами ойлау және қабылдау жүйесінің, ислами философияның, сол арқылы философиялық «Меннің» де түпкі қорытынды нәтижесі. Сондықтан да Абай да оған мінәжәтпен: «Кім өзіңе махаббат қылса, сен де оған махаббат қылмақ қарыз емес пе?.. Жасаушы махаббатпен адам баласын сүйгендігі емес пе? Кім сені сүйсе, оны сүймектің қарыз емес пе?» – деп басын иеді.

Демек, «Меннің» мағыналы парызы – Жаратқан иеме сөзсіз мойынсыну. Иә, «Меннің» өзі соншалықты күдіретті күштердің – Жаратқан текті Ақылдың, Жанның, Тәннің саналы бөлшегі бола тұра, кемшіліктен ада емес. Бірақ:

– «Эгоның (Меннің) тіршілік бірлігі ретіндегі шектеуден тұратын кемшіліктеріне қарамастан... оның асыл табиғаты барынша инклюзивтік, барынша әсерлі, соншалықты тепе-теңдікке ие және айрықша бірлікке ұмтылады» (87). Яғни, шектеулі Эго (Мен) – Шектеусіз әрі Шексіз Эгоға (Менге), ислам терминологиясына салсақ, Құдайға (Аллаға) ұмтылады» (50) (М. Иқбал, 86).

Діни философияға қанша «сыншыл көзбен» қарап, ақылға сап, «Шарифаттың: Илан! – дегеніне бірден мойынсынбай, ила-

Эгомен (Хақ денгейіндегі Менмен) қосылу» (93-94).

Бұған Абай да мойынса. Ол «Он үшінші сөзінде» сол Хақпен дидарласуға ұмтылатын «Менге» ие пенденің назарына: «Иман деген Алла тәбәрәкә уә тағаланың ш риксіз (серіксіз), ғайыпсыз, бірлігіне, барлығына уә әртүрлі бізге пайғамбарымыз с Аллаллаһу ғалайһи уәсәлләм арқылы жіберген жарлығына, білдіргеніне мойынсынып, инанмақ. Иманға қарсы келерлік орында, ешбір пенде құдай тағала кеңшілігімен кешеді-дағы демесін, оның үшін құдай тағаланың ғафуына, яки пайғамбарымыздың шапағатына да сыймайды, мүмкін де емес. «Қылыш үстінде серт жоқ» деген, «құдай тағаланың кешпес күнәсі жоқ» деген жалған мақалды қуат көрген мұндай пенденің жүзі құрсын», – деп ескерту жасайды.

Сонымен, ислами философиядағы «Меннің» басты мұраты – Хақпен дидарласу. Ал Хаққа тиесілі ғайып дүниесінің мұғжизалары – Ақихатқа тән. Ол – мүлдем басқа тәфсірдің тақырыбы. Сондықтан да «Менге» қатысты бұлталқыны Мұхаммед Иқбалдың «Меннің» соны туралы: «Өлім – шектеулі Эгоны (Менді) Шексізбен (Хақпен) кездестіретін өтпелі қақпа. Бірақ қайта тірліу: «Эгоның бұрынғы жетістіктері мен келешек мүмкіндіктерінің қорытындысы шығарылатын мекеннен басқа ештеңе емес» (96). «Тіршілігінде Эгоның (Меннің) ізгі әрекетімен құнарланған болмыстар ғана бұл соққыдан аман шығады және бұдан кейін де өсіп-өрлеуін жалғастыра береді. «Осылайша, ажалсыздық біздің жеке құқығымыз емес, бұған жеке ыждаһат арқылы қол жеткізу қажет. Жалғыз ғана үмітті болмыс бар, ол – адам» (95), – деп дүниенің бар тылсымын адамның өзіне әкеп тірейді.

Әлем мойындаған ұлы философияның өзі «Меннің» кілтін адамға ұстатып отырса, біздің оны мойындамауға қақымыз жоқ. Бұған қосарымыз, Алланың өз аманатын өзіне берер кезде айтқан Абайдың:

Жұрт айтқан сол ант мезгіл келсе керек,

Мен де – пенде, амалсыз көнсем керек.

Қызығы зор қайран дос, қайран тату,

Сендер өлдің, мен-дағы өлсем керек! – деген соңғы демі ғана.

Иқбал мұны:

«Адамның соңғы тағдыры қандай болса да, бұл оның желкелік қалпын жоғалтуын білдірмейді. Құран: шегі бар болмысынан толық босауды ешқашан адамның ең үлкен бақытына балаған емес» (93; Hassan, 2008, 166), – деп бағалап, үзіліп бара жатқан жан иесін жұбатқандай болады.

Сөйтіп, қазақы жоралғы бойынша. «Біреудің кісісі өлсе – қаралы боп, қаза көрген жүрегі жаралы боп, көзінің жасын тыймай жылап жүріп, зарланып өнге салған» (жоқтау айтқан) соң, «Денең – сол Өлеңмен (жоқтаумен) жер қойнына кіреді». Сөйтіп, «Өмірдегі қызығыңның бәрі өлеңмен» басталып, өлеңмен аяқталады.

Тіл
білімінің тарлан-
дары, үш құр-

дас – Әбдуәли Қайдаров, Рабиға
Сыздықова мен Шора Сарыбаевтың
ғасырлық тойлары басталып кетті.

Бұл мақалада Қазақстан Республикасы
Ұлттық ғылым академиясының академигі,
филология ғылымдарының докторы, про-
фессор, Қазақстанның еңбек сіңірген ғылым
қайраткері Рабиға Сәтіғалиқызы Сыздық
(1924-2020) туралы сөз етпекпіз. Үлкен
ғалым болумен қатар, енегелі ісімен де
көпшіліктің көңілінен шығып, абыз-ана
атанған аз ғана ғалымдарымыздың
бірі еді.

СЫҢҒЫР КҮЛКІЛІ

Түреннен жол тартып, әр салада толағай табысқа қол жеткізген адамдар туралы қай нәрсе де болсын «алғашқы, тұңғыш» деген тіркестер қосылып айтылып жататыны бар. Міне, Рабиға Сәтіғалиқызының осы тұрғыдан келгенде, қазақ тілші-ғалым қыздарының арасынан шыққан тұңғыш Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі, ғылымдағы жетістіктері үшін Мемлекеттік сыйлықтың иегері болған тұңғыш ғалым қызы екені белгілі. Сондай-ақ «алғашқылар» санатына Алаш ардақтысы Ахмет Байтұрсынов туралы жазылған тұңғыш кітаптың авторы екендігін де айтып өтсек, артық болмас. Ғалымның ғылым есігін «халық жауының қызы» болғандықтан кеш ашса да, жемісті жетістіктерге қол жеткізген «тұңғыштар» қатарында танылған тұлға екені тағы да рас.

Саналы ғұмырының 60 жылын тапжылмай Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтында қазақ тілі тарихы мен диалектологиясы, тіл мәдениетінің бөлімінің меңгерушісі қызметтерін атқара жүріп, институттың беделін арттырып, қазақ тіл білімінде ғана емес, түркология саласына да танытар туындылар тарту етті. Ғылыми жұртшылық «Абай шығармаларының тілі» атты диссертациялық еңбегінде зерделенген зерттеулердің ауқымын арттырып, Абайдың поэтикалық тілін тереңдеп зерттеу нәтижесінде «Абайдың сөз өрнегі», «Абай өлеңдерінің синтаксистік құрылысы», «Абай және қазақтың әдеби тілі» сияқты еңбектердің салтанат құрылуына себеп болды. Осынау Абайдың шығармалары туралы жазылған том-том еңбектерін ескеріп әрі Абай шығармаларының мұрасын жоғары деңгейде зерделегені үшін Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының иегері атанғанын да айтқанымыз абзал. Сондай-ақ XV-XIX ғасырдағы ақын-жазушылар тілі, орта ғасырлық жазба ескерткіштері тілінің тарихи мен лексико-грамматикалық құрылымы, тарихи-лексика, лингвостилистика, текстология, тіл мәдениеті салаларына арналған зерттеулеріне қызығушылық танытқандардың ғалымның еңбектерін ашық ақпарат көздерінен тауып алу мүмкіндігі мол екенін ғана еске салғанымыз келеді.

Ғалымның орфография саласындағы еңбегін ерекше атап

өтуіміз қажет. Орфографиялық сөздік жасауға жетекшілік етіп, оның ережелерін әзірлеудегі ерен еңбегі өз алдына бір мақалаға арқау болар дүниелер. Латынға негізделген қазақ тілі әліпбиіне көшу үдерісінде Рабиға Сыздықтың орфография ережелерін түзуде ұсынған ұстанымдарын басшылыққа алса, көптің көкейінде жүрген орфографияның көкейтесті мәселелерінің де оң шешімін табыры күмән туғызбайды.

Ғалымның ғылыми-педагог кадрлар дайындау ісіне үлес қосқанын 30-ға жуық ғылым докторлары мен кандидаттарын дайындағанынан, әрі ұстазының идеяларының кең тыныстап, одан әрі дамуына өзіндік үлес қосып жүрген тіл білімінің білгірлерінен байқауға болады. Реті келгенде айта кетейін, тек талантты шәкірті болып қана қоймай, ғалымның әрқазынан табылып, қызындай болып кеткен, ауырып қалған кезінде ем-домын ас-суын әзірлеуге дайын тұрған, профессор Орнай Жұбаеваның еңбегін айырықша айта кетсек, орынды болар деп ойлаймын.

Әр ғалымның ғылым есігін ашуға, оның баспалдақтарымен батыл көтерілуіне ықпал еткен адамдар болады. Өзіміз де Алматы шетел тілдері педагогикалық институтында кәсіподақ ұйымын басқарып жүрген жерімнен «әкімшілік жұмыс саған қол емес, ғылыммен шұғылданғаның дұрыс» деп Қыздар мемлекеттік педагогикалық институтының кафедра меңгерушісі, профессор Жәкен Молдажаров оқытушы етіп қызметке қабылдап, көрнекті ғалым, академик Шора Сарыбаевпен таныстырмағанында, ғылымдағы осындай биіктікке көтеріле алар ма едім, ай-қайдам?! Осы сияқты Рабиға апайдың да ғылымдағы жолын ашқан біртуар тұлға Мұхтар Әуезов туралы

оқулықтар әзірлеудің әдістемелік негізін қалағанын және грамматикалық еңбектерінің ерекше екенін қызыл империяның қылшылдаған қылышынан қаймықпай, ол туралы алғашқы кітапты жазған да Рабиға Сәтіғалиқызы екені көп

дан қашқақтағанын қаршадай қыздың психологиясына қалай әсер еткенін айту түгілі, ойлаудың өзі де қорқынышты еді...

Ұстазым, академик Шора Сарыбаев ылғи да «адам күлкі жүру керек, күлкі адамның көңіл күйін көтереді әрі өмірді ұзартады. Күлкі болғанда да жарасымды күлкі ғана жаныңды жадыратады. Күлудің түрі осы екен деп, неге болса соған ыржалақтай беруге тағы болмайды» деп күлкінің 70 түрін зерделеп, ақпарат құралдарына жариялаған болатын. Олардың ішіндегі жымып күлу, сызылып күлу, сырбазданып күлу, ахахалап күлу, қарқылдап күлу, жарқылдап күлу, еңкілдеп күлу, ырбып күлу, жырбып күлу, қойшы әйтеуір, айта берсек 70-ке де тез жетіп қалармыз... Ал Шөкен «сол 70 күлкінің ішіндегі ең кереметі, ең әдемісі Рабиға құрдасымыңның сыңғыр күлкісі» деп отыратын еді. Қай нәрсені болса да, боямасыз, қаз-қалпында, қызыл сөзсіз, дәл айтатын, дөп айтатын сөзінің жалғасы ретінде академик Рабиға Сыздықтың 90 жылдық торқалы тойында, ғалымның «төрт құбыласы түгел», ешбір қайғы-мұны жоқтай, тек жұртқа жағымдылығымен жарастық танытып, әркез сыңғырлаған сылқым күлкімен көмкеріп алатын қасиеттерін ескере отырып, «Сыңғыр күлкілі Сыздықова» деп сөз сөйлегенім кеше ғана сияқты еді-ау. Міне, сол кезден бері де 10 жыл өте шығыпты...

Рабиға апайдың спортқа тым құштарлығын көпшіліктің біле бермейтіні де рас. Шынында, көрнекті тілші-ғалымның спорттың бірнеше түрін, атап айтқанда, футболды, хоккейді жақсы көретінін әрі снукер ойынын түн ортасына дейін тамашалайтынын талай естігенбіз. Апайдың ет жақындарының сөзіне құлақ ассақ, жас кезінің өзінде суда жақсы жүзгенін, тіпті мылтық атудан да бір кісідей өнері бар екендігін айтады.

Рабиға Сәтіғалиқызын білетіндердің, әріптестері, шәкірттері мен туған-туыстарының айтуына қарағанда, ол кісі ешкімді жамандауды, сыртынан сөз айтуды білмейтін еді деседі. Осындайда, «Жақсы адам өмірде жаман адам болмайды деп санайды, өйткені жұрттың бәрін өз сияқты ойлайды» деген даналық сөзге иек артсақ, Рабиға Сәтіғалиқызын да осындай адамдар қатарына ойланбастан-ақ қосуға әбден болады.

Иә, көркем мінезді, үлкен дарын иесі, көрнекті ғалым, академик Рабиға апайымыз туралы талай естеліктер жазылары сөзсіз. Артында қалған том-том монографиялық еңбектер, жүздеген ғылыми шығармалары мен зерделі шәкірттері бар кезде академиктің екінші өмірі жалғаса бермек.

Кәрімбек ҚҰРМАНӘЛИЕВ,
Президент жанындағы
Ұлттық ғылым академиясы
Директорлар кеңесінің
тәуелсіз директоры, академик

танды таңға ұрып, тіл мен әдебиеттің тығыз байланысын байқаған ұлы ғұламаның кеңесімен әдеби тілдің тарихын, ақын-жазушылардың тілін зерттеуге ден қойғанын бұл дүниеден өткенше бізге айтып өткеніне баршамыз куәміз. Иә,



Ғалымның орфография саласындағы еңбегін ерекше атап өтуіміз қажет. Орфографиялық сөздік жасауға жетекшілік етіп, оның ережелерін әзірлеудегі ерен еңбегі өз алдына бір мақалаға арқау болар дүниелер. Латынға негізделген қазақ тілі әліпбиіне көшу үдерісінде Рабиға Сыздықтың орфография ережелерін түзуде ұсынған ұстанымдарын басшылыққа алса, көптің көкейінде жүрген орфографияның көкейтесті мәселелерінің де оң шешімін табыры күмән туғызбайды.



расында, Абай тілін зерттеуде жеткен толағай табысының бастауында ұлы ұстаз М.Әуезовтің әсері болғанын жалпы жұртшылыққа жеткізе кетудің де жөні бар екенін айтқым келеді.

Алаш ардақтылары әлі ақталмай тұрған кездің өзінде А. Байтұрсынұлының шығармашылығын зерттеуді қолға алған әрі оның негіздемелерін нық сеніммен дәлелдей алған, талантты ғалым болғанын ел білгенін дұрыс деп ойлаймын. Қазақ тіл білімін жасаған Ахмет Байтұрсынұлы деп, оның «Оқу-құралы» атты тұңғыш оқулық жазғанын, «Әліппе» жазу арқылы

айтыла бермейді. Алаш ардақтысы атанған, қазақ тіл білімі бастауында Ахмет Байтұрсынұлы тұрғаны туралы, оның шығармашылық еңбектері әр қырынан қарастырылып, монографиялық зерттеулер мен диссертациялық еңбектердің еселене түскені, әрине, Қазақстан Тәуелсіздік алғалы бері ашық айтыла бастағаны белгілі, ал Кеңестік кезеңде ғалымның Алаш ардақтыларының еңбектерін зерттеу нысанасы ретінде алғаны

көзсіз батырлық демеске амалын жоқ...

Тағы бір деректі Рабиға апайдың «халық жауының қызы» екендігіне байланысты өрбітсек. Мәселенің мәніне тереңдей түскенде, түсінгеніміз әкесі Сәтіғали Құтқожинның Алаш ардақтыларымен қарым-қатынаста болуы ғалымды осындай «атаққа» ілдірген екен. Қазір, әрине айтуға оңай! Ол кезде «халық жауының қызы» атанған адамның жан-күйін, тағдыр тәлкегін, қасына ешкім жақындамай, жапан далада жалғыз қалғандай сезінгені, тіпті парталас достары да бойын аулақ салып, бірге отыру-



Осыдан тура екі ай бұрын 3 бас жабайы жылқы тұқымының Қостанай облысы аумағындағы «Алтын дала» табиғи резерватына жіберілгенінің куәсі болғанбыз. Керқұлан-кертағы деп ресми атау берілген тағы жылқылардың жағдайын біз содан бері ұдайы зерделеп, бақылап отыруды жөн көрдік. Әрі жабайы жылқылардың жай-күйінен хабардар етіп отырмақ ниетіміз бар екенін жазғанбыз.

Бердібек ҚАБАЙ

Ғалымдар «Керқұлан-кертағы» деп ресми түрде ат берген Пржевальский жылқысының байырғы мекені – Орталық Азия, оның ішінде Қазақтың кен сахарасы болғаны рас. Жылқы түлігінің тұяғы қазақ даласына тигеннен бері қарайғы екі ай ішінде ғалымдар мен жануарлардың денсаулығын бақылаушылар үнемі зерделеп, олардың әр басқан қадамын бағып отыр. Өйткені бұл өте маңызды әрі жауапты шаруа екені анық. Тіпті, әлеуметтік желіде қыл құйрықтың бұл түрі елге келген сәттен бастап «оның қазақ даласын жерсініп кетуі мүмкін емес» деген пікірлер де көп болды. Қуантатыны сол, жануарлар Торғай жерін жатсына қоймапты. Бір сөзбен айтқанда, жерсіндіру жобасы сәтті жүзеге асып жатыр.

Қазақ даласында 19-ғасырға дейін тіршілік еткен Пржевальский жылқысын тарихи мекеніне қайтару мәселесі Қазақстан Үкіметі деңгейінде шешіліп, Германия мен Чехия Республикасы арасындағы тарихи-мәдени келіссөздер нәтижесінде олар байырғы мекеніне оралған-ды.

19-ғасырдың соңына қарай әлемде жойылып кетуі мүмкін делінген жабайы жануарлардың түрлерін Германия, содан соң Чехия Республикасы өздерінің табиғи қорықтарына жеткізіп, тұқымын сақтап қалған. Ол үшін әрине осы елдердің ғылым мен табиғатқа деген жанашырлығына бас имек керек.

Қазір Торғай даласына жеткізілген керқұлан-кертағылардың саны жетеуге жеткен. Бүгінде әлі де болса арнайы қоршау ішінде жүр. Бұл жайлы бізге Қазақстанның биоалуантүрлілікті сақтау қауымдастығының атқарушы директоры Вера Воронова айтты.

«Шаруаның басы қасында жүрміз. Алғашқы сәттерден бастап істі қолға алғандықтан жылқылардың күнделікті ахуалы біздің бақылауымызда. Бүгінде жануарлар 2 топ болып жайылып жүр. Олай болатыны бізге жеткізілген 7 жылқының ішінде 2 айғыр бар. Осы екі топты екі бөлек қоршауға енгіздік. Дәл қазіргі кезде алаңдайтын ештеңе байқамадық. Себебі олар жергілікті орынға әбден төселіп алды. Қорек жеткілікті. Тіпті, өздігінен табиғат аясындағы

ТОРҒАЙ ДАЛАСЫНДАҒЫ «ЖЕТЕУ»: КЕРТАҒЫЛАР ҚАЛАЙ ЖЕРСІНІП ЖАТЫР?

суатқа да еркін түсіп жүр. Бұған қарап біз жануарлардың өте бейімделгіш екенін байқалдық. Себебі Германия мен Чехияда жылқылар түгелдей қолдан жем жеп, суат орнынан астаудан су ішіп жүрген екен. Ал бізде ондай жоқ, барлығы табиғи. Сондықтан жануарларды жерсіндіру әзірлеу сәтті жүріп жатыр», – дейді.

Қылқұйрықтардың санын алдағы жылдары 40 не 50-ге жеткізу көзделіп отыр. Бірақ биылша осы жетеуінің әбден жерсініп кетуі маңызды. Бұлар толық жерсінген жағдайда Еуропадан қосымша жылқылар алдыру мүмкіндігі артады. Яғни, Торғай даласындағы жеті кертағы алдағы уақыттарда келетін жануарлардың мәселесін шешетінге ұқсайды.

«Осы уақытқа дейін бізге 7 бас керқұлан-кертағы (Пржевальский жылқысы) жеткізілген болатын. Жерсіндіру жұмыстары «Алтын дала» резерватының Ұлы Жыланшық жер телімі мен Әліби жерсіндіру орталығында жүргізіліп жатыр. Чехиядан әкелінген 3 бас керқұлан-кертағының 1 бас аналығынан жылқылар ринопневмониясы анықталуына орай карантин мерзімі тамыз айының ортасына дейін ұзартылды. Қазір жылқылардың жағдайы қалыпты. Жануарларды жерсіндіру орталығының жалпы алаңы 180 гектар аумақты құрап отыр. Бұл аумақ түгелдей жерсіндіру үшін қорша-

кеттік резерваты территориясында Пржевальский жылқысын реинтродукциялауға арналған орталық салынды. Онда жануарды жерсіндіруге қажет барлық жағдай жасалып, арнайы мамандар шақырылды. Алайда Пржевальский жылқысын Торғай даласына әкелу үшін жануардың алдымен Қызыл кітапқа енуі тиіс болып шықты. Жұмыс тағы біразға шегеріліп қалады. Мамандар жұмысты тоқтатпас үшін керқұлан-кертағыны кейінге қалдыра отырып, Торғай даласына «Алтын-Емелден» құландарды әкелу жұмысын жүргізді. Бұл жоба «Құлан дала» деп аталды. «Алтын дала» табиғатты қорғау бастамасы аясында құрылған жобаға бірнеше ұйым кіреді. Олардың арасында Қазақстандағы биоалуантүрлілікті сақтау ассоциациясы мен Ауыл шаруашылық министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті, шетелдік ұйымдар, Норвегия, Германия, Ұлыбритания елдерінің табиғи қорықтары да бар. Шетелден келген арнайы мамандар өздерінің тәжірибелерімен бөлісіп, құланды көшіру жұмыстарына қатысты.

Шындығында, аталған жоба ел ішінде жүргізілсе де өте сәтті орындалды. Әрі мамандарға мол тәжірибе жинауға

«Жылқылардың денсаулығын күніне екі рет: таңертең және кешке бақылап отырамыз. Ол үшін біз жануарлардың күнделікті мінез-құлқын бақылай алатындай деректерді бейнеге түсіреміз. Олар бөлек, олардың тәбетін, белсенділігін, жалпы жағдайын мүкіят қадағалаймыз. Ғылыми тұрғыдан қарастырсақ, үй жылқысы мен Пржевальский жылқысының айырмашылығы көп. Кертағы жылқыларында 66 хромосома болса, үй жылқыларында 64 хромосома бар, сондықтан екі түрлі қылқұйрықтылардың жолығып қалуына жол бермеу керек. Пржевальский жылқылары үй жылқыларына қарағанда зебраға бейім, мінез-құлқы агрессивті, сондықтан оны қолға үйрету мүмкін емес. Жылқылар жабайы болғандықтан, тікелей жақындап, физикалық тексеру жүргізуге мүмкіндігіміз жоқ. Сол үшін денсаулығын тұрақты визуалды бақылап отырамыз. Егер визуалды бақылаулар денсаулық проблемаларының белгілерін немесе әдеттен тыс мінез-құлқы анықтаса, біз қосымша тексерулер мен басқа да қажетті процедураларды қарастырамыз. Қазақстанда көктем мен күз мезгілі қауіпті кезең саналатындықтан, кенеге қарсы вакцинация жасау күзде жоспарлануда», – дейді Қазақстан биоалуантүрлілікті сақтау ассоциациясының ветеринар маманы Данияр Қалиев.

Маманның айтуынша, қазіргі уақытта жылқылардың денсаулығына қауіп төніп тұрған жоқ. Қандай да бір пробле-



Бұл жобаның негізгі бағыты далалы жерлерде мекен еткен, бірақ белгілі себептерге байланысты түгел жойылып кеткен жануарлар популяциясын қалыпқа келтіру еді.

малардың белгілері анықталса, олар ұлттық және халықаралық ветеринарлармен бірге қажетті қадамдарға баруға дайын екен.

Айтпақшы, сәтін салса, кертағылар бір жарым ғасырдай уақыттан соң қазақ даласында құлын-дауы мүмкін. Мамандар солай үміт етеді.

«Климатизация қораларының бірінде айғырдың биеге шапқанын бейнетаспаға жазып алдық. Бірақ дәл қазір бие буаз ба, жоқ па, оны сенімді түрде анықтау мүмкін емес. Ол енді алдағы күннің еншісінде. Алғашқы белгілерді көктемде ғана байқауға болады», – дейді Данияр Қалиев.

Егер шын мәнінде кертағының биесі буаз екені расталса, әрине үлкен жаңалық болғалы тұр. Мамандар «бие іш тастамай, құлын-даса, онда жануар Торғай даласын жатсынбағанын білдіреді» дейді.

Ал қазір қыс пен көктемде жейтін шөп шабылып, арнайы жиналған. Одан бөлек, әр жерге қыстың қатты аязы мен өкпек желінде пана болар үйшіктер тұрғызылыпты. Сәйкесінше, бұл маңға шөп те маянған. Егер төтеден келген сырқат болмаса, өзге жағдайлар түгел жерсіндіру мекенінде жасалғанға ұқсайды. Біз пікірлескен мамандар осыны айтып отыр.

мүмкіндік берді. Вера Воронованың айтуынша, қазір сол құландар табиғатта еркін жайылып жүр. «Тек сырттай ғана бақылап отырғанымыз болмаса, оларға келер қауіп енді жоқ», – дейді маман.

Торғайға табаны тиген тұяқтыларды бақылап, олардың денсаулығын зерделеу өте маңызды іс екенін айтады мамандар. Себебі керқұлан-кертағылар ел ішінде жоқ, сондықтан сырт елден, Еуропадан келіп отыр. Егер арасынан біреуін жазатайым өлтіріп алсақ, үлкен шығын болады. Сондықтан бұл істе ықтияттылық керек.

Алматыда өрт фактілерінің маусым таңдамай қыста да, жаз айларында да тіркелетінін байқап жүрміз. Мысалы, көктем мезгілі кірген бойда Алматыдағы «Жібек жолы» сауда орталығынан өрт шыққаны есімізде. Оқиға орнына жеткен өрт сөндірушілер төрт қабаттан тұратын сауда орталығының төртінші қабатындағы әкімшілік кабинетінің техникасы мен жиһаздарының жанып жатқанын анықтаған. Бұл жыл басталғалы бері мегаполисте сауда нысандарында орын алған алғашқы жағдай емес.

Осыдан бірер апта бұрын әлеуметтік желіде Алматыдағы «Мизам» сауда нысанындағы аспалы шамдар сақталған екі қабатты қоймадан өрт шыққаны туралы хабар лезде тараған еді. Адам шығыны тіркелген жоқ, алайда аталған оқиға базарда саудасын дөңгелетіп отырған кәсіпкерлерді материалдық шығынға әкеліп тіреді. Олай дейтін себебіміз, онсыз да қарызға белшеден батқан кәсіпкерлер сату арқылы күнін көріп отырған тауарларынан бөлек, жылы орнынан да айырылып қалған. Онымен қоса, тұрмыстық техникалар мен аспалы шамдардан өзге кәсіпкерлердің құжаттары қоса жанып кеткен.

— Бастапқыда көршілеріміз бізге базарда өрт шыққаны туралы айтып хабарласты. Алайда нысанға келіп үлгергенше біршама тауарымыз күлге айнал-

ТІЛСІЗ ЖАУ САЛҒЫРТТЫҚТЫ КЕШІРМЕЙДІ



ды. Дүкенім көз алдымда отқа оранып жатты. Оттың қарқынды болғаны соншалық, біз дүкенімізге жақындай алмадық. Өрттің кесірінен үлкен көлемде шығынға батып отырмыз. Сатып алған тауарымыздың қарызынан бөлек, басымызда толған несиеміз бар, — дейді миллиондаған шығынға батқанын айтып ашынған кәсіпкер Айгүл.

Таяуда республикада биылғы 22-28 шілде аралығында сауда нысандарында өрттің туындау қаупін азайту мақсатында акция өткен еді. Акция қорытындысы негізінде белгілі болған деректерге сүйенсек, биыл Алматыда 388 өрт тіркелген. Ал оның 11-і шаһардағы

сауда нысандарында болған. Алматы ТЖД Мемлекеттік өрт бақылау басқармасының бастығы, азаматтық қорғау подполковнигі Константин Канин сауда орындарында өрт шығудың басты себебі электр сымдарының қысқа тұйықталуы екенін алға тартты.

— Қаладағы сауда нысандарында орын алған өрттің негізгі себептеріне электр сымдары мен құрылғыларының қысқа тұйықталуы (10 жағдай), сондай-ақ дәнекерлеу кезінде қауіпсіздік ережелерінің сақталмауы (1 жағдай) жатады. Осының нәтижесінде меншік иелеріне де, жалға алушыларға да үлкен материалдық залал келтірілді. Бұл тауарлық-

материалдық шығын ғана емес. Онымен қоса, көптеген отбасы табыс көзінен айырылды. Биыл 26 сауда нысаны профилактикалық бақылауға алынды. Соның ішінде өрт қауіпсіздігі талаптары 609 рет бұзылған. Басшыларға анықталған бұзушылықтарды жою туралы ұйғарымдар берілді, — дейді К.Канин.

Қазіргі уақытта департаменттің есебінде жалпы саны 14 мыңнан астам сауда нысаны бар. Олардың ішінде 242 нысан жоғары және орташа тәуекел дәрежесіне жатады. Бұл санаттағы сауда орындары Кәсіпкерлік кодекске сәйкес өрт қауіпсіздігі бойынша профилактикалық бақылауға кіреді. Сондай-ақ Алматы ТЖД Мемлекеттік өрт бақылау басқармасының өкілі жыл соңына дейін тағы 30 сауда нысанына профилактикалық бақылау жүргізу жоспарланғанын жеткізді. Біз қаладағы өрт фактілерінің жиілігіне байланысты сауалдарымызға жауап алу мақсатында Алматы қаласының Төтенше жағдайлар департаментімен байланысқа шықтық. Баспасөз қызметі биыл мегаполисте тілсіз жаудың жиілеуі қарқынды байқалмағанын, сондай-ақ тұрғын үйлерде болатын сәтсіз оқиғалар көбіне адам қолынан жасалатынын айтты.

Көп жағдайда еліміздегі өрт фактілерінің басым бөлігі адамның

іс-әрекетінің салдарынан екені жасырын емес. Бұл — қоршаған ортаға немқұрайлылық пен адам өміріне деген жауапсыздықтың көрінісі. Соның бір мысалы ретінде пәтер мен тұрғын үйлердегі өрт оқиғаларын алып қарайық. Өкінішке қарай, тұрғын үйлерде өрт негізінен үй иесінің салғырт әрекетінен тұтанып жатады. ӨКК спикері өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтауға байланысты автоматты өрт дабылдарының болмауы, эвакуация жолдарында жанғыш материалдарды, қалдықтарды, қаптамаларды сақтау, қолда бар автоматты өрт дабылының дұрыс жұмыс істемеуі, алғашқы өрт сөндіру құралдарының болмауы және т.б. сынды ереже бұзушылықтарға жол берілетінін мәлімдеді. Қазір қалада профилактикалық бақылауға жатпайтын сауда нысандарының басшыларымен өрт-техникалық қадағалауды өз бастамасы бойынша жүргізу мәселесі карастырылып отыр. Сөз соңында мамандар тұрғындарға электр және газ құралдарын қосуды күйінде қалдырмауға, уақытша және зақымдалған электр өткізгіш сымдарын пайдаланбауға, қысқа тұйықталуды алдын алу үшін розеткалардың, электр сымдарының, ажыратқыштардың, электр шнурларының жарамдылығын үнемі бақылауда ұстап отыруға, сонымен қатар сіріңкені балалардың қолы жетпейтін орында сақтауға кенес береді.

Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ,
Алматы қаласы

Қайта ашық тендердің нәтижелері туралы және қайта ашық тендер амалымен «Медициналық қызмет көрсету» қызметтерін сатып алуды өткізу туралы хабарландыру

«Медициналық қызмет көрсету» қызметтерін сатып алудың қайта ашық тендер өткізілмеді деп таниды.

Жоғарыда баяндалғанға байланысты, «Медициналық қызмет көрсету» қызметтерін сатып алу ашық тендердің қайтадан өткізілетіндігі туралы жарияланады.

Сатып алынатын қызметтер тізбесі мен олардың егжей-тегжейлі ерекшеліктері тендерлік құжаттамада көрсетілген. (Лот саны — 12; 2024 жылға жалпы сомасы 161 055 000 тенге, ККС-сыз; 2025 жылға жалпы сомасы 403 925 940,00 тенге, ККС-сыз).

Тендерлік құжаттаманың көшірмелерін 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», 604-каб. мекенжайынан алуға болады.

Тендерлік құжаттаманың көшірмесін алу үшін әлеуетті жеткізіп берушінің өкілінде сенімхаттың түпнұсқасы/Бұйрық пен Шешім көшірмесі басшыға және жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі болуы қажет.

Конверттерге салынған тендерге қатысуға арналған өтінімдерді әлеуетті жеткізіп берушілер «Азиялық Газқұбыры» ЖШС, 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», 604-каб. мекенжайына ұсынады (жібереді).

Тендерге қатысуға өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі 2024 жылғы 19 тамызда, сағ. 10:00-ге дейін.

Тендерге қатысуға арналған өтінімдер салынған конверттер 2024 жылғы 19 тамызда, сағ. 12:00-де мына мекенжайда ашылатын болады: 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», 605-конференц залы.

Қосымша ақпарат пен анықтаманы мына телефон арқылы алуға болады: + 7 (727) 393-02-04.

Объявление о результатах повторного открытого тендера и проведении повторного открытого тендера по закупке услуг «Медицинское обслуживание»

ТОО «Азиатский Газопровод» признает повторный открытый тендер по закупке услуг «Медицинское обслуживание» - несостоявшимся.

В связи с вышеизложенным, объявляется проведение повторного открытого тендера по закупке услуг «Медицинское обслуживание».

Перечень оказываемых услуг и их подробная спецификация указаны в тендерной документации. (Количество лотов — 12; общая сумма на 2024 год — 161 055 000,00 тенге без учета НДС; общая сумма на 2025 год — 403 925 940,00 тенге без учета НДС).

Копию тендерной документации можно получить по адресу: 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», каб. 604.

Для получения копии тендерной документации необходимо наличие у представителя потенциального поставщика оригинала доверенности или копии Приказа и Решения для руководителей с копией документа, удостоверяющего личность.

Тендерные заявки на участие в тендере, запечатанные в конверты, представляются (направляются) потенциальными поставщиками в ТОО «Азиатский Газопровод» 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», каб. 604.

Окончательный срок предоставления заявок на участие в тендере до 10:00 часов 19 августа 2024 года.

Конверты с заявками на участие в тендере будут вскрываться в 12 часов 00 минут 19 августа 2024 года по следующему адресу: 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», в конференц-зале 605.

Дополнительную информацию и справку можно получить по телефону: + 7 (727) 393-02-04.

«Автокөлік құралдарын кешенді химиялық тазалау және автожуу» қызметтерін сатып алу бойынша қайта ашық тендердің нәтижелері туралы хабарландыру

«Азиялық Газқұбыры» ЖШС «Автокөлік құралдарын кешенді химиялық тазалау және автожуу» қызметтерін сатып алу бойынша қайта ашық тендер өткізілмеді деп танылды.

Қосымша ақпарат пен анықтаманы мына телефон арқылы алуға болады: + 7 (727) 393-04-60.

Объявление о результатах повторного открытого тендера по закупке услуги «Комплексная автомойка и химчистка транспортных средств»

ТОО «Азиатский Газопровод» признает повторный открытый тендер по закупке услуги «Комплексная автомойка и химчистка транспортных средств» несостоявшимся.

Дополнительную информацию и справку можно получить по телефону: + 7 (727) 393-04-60.

Илияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті» КЕ АҚ жоғары оқу орындарының профессор-оқытушы құрамы лауазымдарына конкурстық орналасуы қағидаларына сәйкес, бос қызмет орындарына (факультет деканы, кафедра меңгерушісі лауазымдарына) конкурс жариялайды. Бос орындар туралы мәліметтерді және құжаттарды тапсыру мерзімін <https://zhetsu.edu.kz> сайтынан көруге болады.

Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар:

- Басқарма Төрағасы-Ректордың атына жазылған өтініш;
- Кадр есебі жөніндегі жеке іс парағы, өмірбаян;
- Жоғары білімі, академиялық және/немесе ғылыми дәрежесі туралы дипломдарының, ғылыми атағы туралы құжаттардың нотариалды расталған көшірмелері;
- Біліктілігін жоғарылату және қайта даярлаудан өткені туралы сертификаттарының көшірмелері (соңғы 3 жыл);
- Ғылыми жұмыстары мен өнертабыстарының (бар болса) тізімі;
- Мінездеме;
- Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің есептері бойынша тұлғаның қылмыстық құқықбұзушылық жасауы туралы мәліметтердің бар не жоқ екендігі туралы анықтама;
- № 075/у нысаны бойынша медициналық анықтама;
- Психикалық және наркологиялық аурулардың динамикалық бақылауда жоқтығы туралы анықтамалар.

Құжаттар тапсыру мерзімі: хабарландыру жарияланған күннен бастап 10 күннен кешіктірілмеуі керек.

Құжаттарды төменде көрсетілген мекенжайға тапсыру керек:

040000, Талдықорған қаласы, І.Жансүгіров көшесі, 187а, І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің бас ғимараты, Персоналды басқару және құжат айналымы бөлімі.
Байланыс телефоны: 8 (7282) 22-00-51

Алдағы жексенбіде Олимпиада ойындары аяқталады. Өзірге Қазақстан құрамасы жалпы есепте 31-орында тұр. Қоржында бір алтын, үш күміс және үш қола жүлде бар. Тамыз айы туғанда қанжығаға үш бірдей медаль түсті. Қолын ысқылап, қуанышты хабар күтіп жүрген жұрттың әлі де дәмесі бар. Тағы бір спортшымыз тосыннан қуанта ма деп теледидарға телміріп отырғандар жетерлік.

Айзат АЙДАРҚЫЗЫ

АТ ТҮТҚАСЫНДА «ОЙНАҒАН» ҰЛ

Алматыда дүниеге келіп, алты жасынан гимнастика залында тәрбиеленген Нариман Құрбанов олимп шыңының екінші тұғырына шықты. Бұл күнді Нариманнан бұрын, оның әкесі әрі бапкері Хусанжан Құрбанов көп күтті. Өйткені бапкерге келіп, «ұлыннан түк шықпайды» деп айтқандар да кезігіпті. Бұдан бұрынғы сұхбаттарында Нариман да гимнастикадан он рет кетіп, қайта келгенін айтқан. Бірде футболға ауысып, екі айдан кейін гимнастика залына қайта оралған екен. Иә, ол іштей футболды спорт гимнастикасынан көбірек жақсы көрген. Алайда көзін ашқаннан гимнастикада жүрген соң, кету қиынға соққан. Үйде де, сыртта да әңгіме ауаны тұтқалы ат, шығыршық, еркін жаттығуға ауысқан. Нариман әкесіне өзі туралы айтқан сөзді де білген. Осыдан кейін 16 жасында аталған спортқа шындап беріліп, нәтижеге жетуді ойлаған. «Ешкім менен потенциал көрмеді. Осы тұста өзімді көрсетіп дәлелдегім келді. Әкемнің туын жыққым келмеді. Қаншама жыл залда тер төктім, жемісін жеп, жеңіс тұғырына шығуға бекіндім» деген екен. Ол бастапқыда алты снарядта да өнер көрсеткен. Алайда тұтқалы ат жаттығуында өзін «суда жүзген балықтай» сезінетінін байқаған. Әкесі де осы жаттығуды таңдап, баласына бар білгенін үйреткен. Тіпті, бұл сында Құрбанов атындағы жаттығу да бар. Рас, Нариман Құрбанов мансабында 2021 жылдан кейін алға ілгерілеу болды. 2022 жылғы әлем чемпионатында төртінші орынға тұрақтады. Десе де Токио-2020 Олимпиадасына жолдама иелене алмай қалғаны бар. Содан кейін бір серпіліп, жаттығуға қайта кіріскен. Жалпы, ол олимп шыңын бағындыруды 18 жасқа толғаннан кейін «колға» алған. 2023 жылы Дохада мен Бакуде өткен әлем кубогында алтын, 2024 жылы Германияда әлем кубогы кезеңінде алтын медаль иеленді. 2023 жылы Азия ойындарында қола жүлдегер атанды. Дегенмен Париж Олимпиадасы жолдамасын алу оңай болмады. Оны өзі де сан мәрте айтты. Өйткені олимпиадаға дейінгі жарыстарда гимнастың саны көп, соған қарай бәсеке де жоғары. Нариман биыл сәуірде Дохада өткен әлем кубогының лицензиялық кезеңінде тұтқалы ат жаттығуы бойынша төрткікке енді. Осылайша, соңғы төрт жолдаманың бірін иеленді.

Ол Токиоға бара алмаған соң, бағдарламасын толық өзгертіп, үздік өнер көрсетуге барын салған. Аталған олимпиадалық циклде бірде жеңіп, бірде жеңіліп жүрді. Мұны өзі психологиялық дайындықпен байланыстырған. Қызығы сол, барлық жарыста тұтқалы ат жаттығуында Нариман аланда не басында, не соңғы болып шығады екен. Париж Олимпиадасының финалында тұтқалы аттың жанына бірінші барып, жаттығуын «алаңсыз» орындаған. Өйткені бұл «аттан» құлап қалу бір-ақ сәт. Өзінді ұстау,



PARIS – 2024:

КӨҢІЛДЕ ҚАЛДЫ



аралықты табу қиын. Соның бәрін ойлап тұрғанда ми құрғыр да маза бермесі анық. Сол үшін Құрбанов Франция төрінде бәрін икемге қалдырып, миын бір сәт «өшіріп» тастаған. Бұл – оның біраз жыл спорт психологиясын зерттегенінің жемісі. Икемді дене жадта жатталған элементті мүлтіксіз орындап шықты. Бейне бір ат үстінде әрі-бері билегендей әсер қалдырады. Осылайша, Құрбанов алғашқы олимпиадасында күміспен күптелді. Өзіне сенімді, білгенінен жаңылған жоқ, барын салды. Өнер көрсеткен соң да, «алғашқы шыққаным жақсы болды, сонынан шықсам алтын алған қарсыласымның ұпайын көріп, қобалжып едім» деді. Жаңылған жоқ, комбинацияны автоматты түрде орындады. Орындады да, әкесімен коса күллі қазақты қуантты. Залда қуаныштан аспанға екі елі жетпей жүрген Хусанжан Құрбановтың видеосы талайды тәнті етті. Марапаттау салтанатынан кейін Нариман да «медальді ұстап тұрғаннан гөрі халықтың қуанып жатқанын көру, сезіну бақыт» деген еді. Айта кетерлігі, ол уәдесінде тұрды. Құрбановтың сүйген қызы Аида Бауыржанқызы да спорт гимнастикасымен айналысады. Нариман Аидаға Токио Олимпиадасына бара алмағандан кейін «үш жылдан кейін үйленеміз» деп уәде берген екен. Олимпиада біткен соң жақында шаңырақ көтеретінін дүйім жұртқа мәлімдеді.

ДОС ЕМЕСПІЗ, ТУЫСПЫЗ...

Иә, Нариманнан кейін грек-рим күресінің шебері Демеу Жадраев ел мерейін тасытты. Жадраев өнер көрсеткен салмақта 2004 жылы Георгий Цурцумия финалда күресіп, күміс жүлде алған. Араға 20 жыл салып, Демеу Париж төрінде финалда күресті. Иә, 2008 жылы Нұрбақыт Тенізбаев Бейжің олимпиадасына қола медаль алған. Кейіннен күміс медаль алған спортшының қанынан допинг тауып, күміс жүлде автоматты түрде Тенізбаевтың атына жазылды. Сондықтан Жадраев – тәуелсіз Қазақстан тарихында финалда грек-рим күресінен финалға шыққан алғашқы қазақ.

Расымен, Демеуден ешкім жүлде күткен жоқ. Өйткені оған жеребе оңай болған жоқ. 1/8 финалда тәжірибелі Хаир Алексис Куэроға тап болды. Оны айқын басым-

дыкпен жеңгенде тосылып қалғанымыз бар. Артынша күллі қырғыз сенім артқан Ақжол Махмұдов күтіп тұрды. Токио Олимпиадасының күміс жүлдегерін жеңгенде тынысымыз ашылғандай күй кештік. Өйткені Махмұдов осы сындағы нағыз фавориттің бірі еді. Артынша Санан Сүлейменовтей «тіс қаққан» балуаннан айланып асырып, финалға шыққанда қуанбаған қазақ қалмады. Бір түннің ішінде Демеуден олимп чемпионын «жасап» алдық. Оның алғашқы бапкері Жұмахан Тұрғанбековтың шәкіртінің финалға шыққандағы көзіне жас алғаны



күллі қазақты жылатты. Көзіне жас алмай қайтсын, тәжірибелі бапкердің екінші шәкірті олимпия ойындарында бак сынап, жүлдеге қол созды. Үшарал ауылында туған екі бірдей саңлақ Жетісудан олимпиадаға дейін жол салды. Осылайша, спортшыны «босаңсытып» алдық па, кім білсін?! Өйткені финал әлеуметтік желіде «жазғандай» өтпеді. Жапон Нао Кусаканың күресі Ұлы Қытай қорғанын еске салды. Демеуге әдіс жасатқан жоқ. Тірескен үстіне тіресе түсті. Өзінің физикалық, тактикалық тұрғыда басым екенін айқын көрсетті. Демеу де барын салды, бірақ жапонға шамасы жетпейтінін түсінгендей. Алып та көрді, шалып та көрді, болмады. Ысқырық шалынғанда басын төмен салды. Ел күткеніндей, өзі ойлағандай емесін білді. Өйткені ол олимпия финалына 34 жасында жетті. Қарсыласынбай 23 жасында қылшылдап тұрған жоқ. Оның қарые-

расында қаншама қиындық кездесті. Мойыған жоқ. Қарапайым қалыппен алға жылжыды. Токиода жолы болмады. Басын тіктеді де, алға жүре берді. Ішінен бір «тойдың» боларын бағамдағандай. Париж оған мансабындағы екінші маңызды күмісін сыйлады. 2017 жылғы әлем чемпионатында атой салып, күміс жүлдеге қол жеткен жоқ. Байқасаныз, Париж алға ұмтылған қазақтың қай баласын болса да жылатқан жоқ. Біріне алтын, біріне күміс берді. Әміре ән салған мекенде қазақтың Әнұраны әуеледі. Иә, Демеу де қазақтың Туын тұғырға көтергісі келді-ақ. Бірақ болмады. Дегенмен қазақ пен қырғыздың пейілін, бауырмал екенін көрсетті. Марапаттау салтанатында Ақжол мен Демеудің жеке шығып, суретке түсіп, арқасынан қаққаны көзге жылы ұшырады. Ол да ағасының финалда жеңгенін тілеген екен. Ал Ақжол Жадраевтан жеңілгенінде қырғыздар «ештен етпес, жеңілсе, өз бауырынан жеңіліпті» дегенінде қаншама құрмет жатыр десеніңші?! Айталық, Демеу финалға шықпаса, Ақжол қола алмайтын еді. Бұл – факт. Бірақ қырғыздардың әлеуметтік желіде «алтынды қазақ бауырымыз алсын» дегенінде «сонда біздің Ақжол қолаға күреседі» деген принцип жоқ. Ақ пейілі көрініп тұрды. Алатаудың қос бауырын мекен еткен ел бір-бірін бөле жарған жоқ. «Біз дос емеспіз, бауырмыз» деп кесіп айтты. Ел де, спортшы да барын ортаға салатын бәсекеде тілеуінді тілер тағы бар жұртың барын білген қандай

ғанибет?! Демеу де осыны сезіп бір жасап қалған болар, кім білсін?..

НҮРБЕКТИҢ АЙҚЫН КҮМІСІ

Алайда көзінде мұң тұрғанын бәрі байқады. Мойнына Олимпиаданың күміс жүлдесін таққанда да масаттанған жоқ. Бокстан 80 келіге дейінгі салмақта өнер көрсеткен Нұрбек Оралбай да сөйтті. Ішінен «ел сөгетін болды, алтынға қол созым жерден қайттым» деп кінәлап тұрғандай көрінді. Жүлдегерлермен бірге суретке түскенде де бір езу тартқан жоқ. Одан кейінгі журналистерге берген сұхбатында көзіне жас алғандай, намыстан тістеніп тұрды. «Қазақтың туын жығып алдым-ау» деген намыс оты қарып бара жатты, білем. Өйткені аталған финал екі Олимпиада қатарынан «жансақтау бөліміне түскен» қазақ боксына оттегіңдей әсер еткен еді. Ерлер сапынан жеті бірдей

боксшыны бәйгеге қосқанымыздан, көмбе жақтан екінші Оралбайдың аты ғана көрінді.

Көрінді де жанкүйерге үміт сыйлады. Әрине, Украинаның үздік боксшысы Александр Хижняк аянып қалмасын білдік. Көзінен жалын шашып, рингте ойқас-

сынған жоқ. 2021 жылы 51 келіге дейінгі салмақта Азия чемпионатында алтыннан алқа тақты. Одан кейін 50 келіге дейінгі салмақта ауысып, Олимпиадаға жолдама алу жолында еңбек етті. Алайда 2022 жылы Қытайда олимпия ойындарына лицензияға таласқанда, ширек финалда сүрінді.

КӨП КҮМӘН



тап тұрған ол отандасымызды әуреге салды-ақ. Алғашқы екі раундта Нұрбек те оңай шағылар жаңақ болған жоқ. Тірегі, ер мінезін көрсетті. Шаршы алаңда бокс емес, құдды айқас жүргендей болды. Төрешілер алғашқы раундта Хижнякты, екіншісінде Оралбайды жоғары бағалап жатты. Ал үшінші раундта украин боксшысы әлдеқайда тың жұдырықтасты. Тағы үш раундқа шыдас беретіндей айбар көрсетті. Ал отандасымыз үшінші раундта оның екпініне төтеп бере алмады. Төрешілер де шешімді үшінші раундқа қалдырғандай. Осылайша, Хижняк Токиодағы күмісін Парижде алтынға айырбастады. Ал Айбекке күміс жүлде бұйырды. Париж Олимпиадасы кезінде бесқаруы сай дайындалғанның бірі де бірегейі бокс федерациясы еді. Себебі федерация жанынан арнайы ғылыми топ жұмыс істеді. Тұрақты түрде анализ жасап, жүктемеге дейін ретімен жазылды. Жаттығу жиыны да, жағдай жасау жағынан да күмән болған жоқ. Федерация тарапынан лицензия алған боксшыларға сый берілгенін де көрдік. Нәтижесінде, бокстан он лицензия алған ұлттық құрама екі жүлдені арқалап қайтты. Жүлденің бірі әйелдер арасында 50 келіге дейінгі салмақта рингке шыққан Назым Қызайбайға тиесілі.

РИНГТЕГІ АЛТЫН ҚЫЗ

Ал Назым Қызайбай олимпия ойындарының қола медаліне қол жеткізгенде не дегенін білесіз бе? «Әттең, қыздар арасында қазақтан шыққан тұңғыш Олимпиада чемпионы болғым келген еді. Жеңсең жаныңда адам көп болады. Жеңілсең, жақындарың ғана жаныңнан табылады. Оның бәрін білеміз...» деді. Иә, Назым Қызайбайдың бокстағы «бұралаң» жолында шырақ жағылып, алғашқы олимпиадасына қатысты. Жай қатысқан жоқ, жүлдегерлер қатарынан көрініп, қола медаль еншіледі. Ал Олимпиада алдында одан ешкім медаль күткен жоқ-ты...

Қазір Қызайбай 30 жасқа келді. Осы жолда үш рет салмақ ауыстырды. 2014, 2016 жылы 48 келіге дейінгі салмақта екі рет әлем чемпионы атанды. Сол тұста әйелдер арасындағы үздік спортшының бірі еді. Алайда 48 келіге дейінгі салмақ бокстан Олимпиада тізіміне кірмейтін-ді. Сондықтан ол бұдан ауыр салмақта ауысты. Кез келген жаңа бастаманың оңайға соқпайтынындай, Назымға да өзінше қиындық әкелді. Бірақ спортшы сонда да

Бірақ алда екі жарыс күтіп тұрды. Бірі Италиядағы квалификациялық турнир, екіншісі тай еліндегі дәл сондай сайыс-ты. Назым Қызайбай Италияға бармады. Оның орнына Алуа Балқыбекова атанды. Бірақ отандасымыз бос қайтты. Ал Тайландтағы жолдама тағдыры Қызайбай мен Балқыбекова арасындағы жекпе-жекте шешілді. Аталған кездесуде Назымның асығы алшысынан түсіп, Банконгтағы жарысқа бір қадам жасады. Тайландта карьерасындағы алғашқы Олимпиадаға жолдама алды.

Ал Париж Олимпиадасына дайындық тыңғылықты жүрді. Әйелдер құрамасынан үш бірдей спортшы барды. Ә дегеннен 50 келі салмақта тәжірибелі Джорданна Сор-



*Ол Токиоға бара алмаған соң,
бағдарламасын толық өзгертіп, үздік өнер
көрсетуге барын салған. Аталған
олимпиадалық циклде бірде жеңіп, бірде
жеңіліп жүрді. Мұны өзі психологиялық
дайындықпен байланыстырған.*



рентиноман қолғап түйістірді. Мұқалған жоқ, ұтылып жатып, жеңісті жұлып алды. Осыдан-ақ Қызайбайдың жігері, Франция төріне босқа келмегені белгілі болды. Артынша 1/8 финалда бразилиялық Алмейданы сенімді жеңді. Ал ширек финалда Колумбия үміті Ингрит Валенсия күтіп тұрды. Отандасымыз 2022 жылы әлем чемпионатында аталған қарсыласынан ұтылып қалған-ды. Реванш жасап, жеңіс жалауын желбіретті. Осылайша, кемінде қола медальды қанжығаға салды. Жартылай финалда қытай қызы Ю Вумен жұптасты. Биыл әлем чемпионы атанған ару ширақ, тың бокстасып, біздің спортшыдан айланып асырды. Қытайдың бокс федерациясы кубалық бапкерлерді қатарға қосып, Парижде барынша дайындалғаны есімізде. Қызайбай да рингте барын салғанымен, қытай боксшысының екпініне қарсы тұра алмағанын атап өтті. Сонымен алдынан қанша сынақ шықса да, берілмеген Назым Қызайбай олимпия ойындарының қоласына қол созды. «Бабында тұрған



кезінде тұсамай, аламанға қосқанда бұдан да оза шабар ма еді?» десті жұрт. Оның алтын жүлде алуын тілегендер көп. Өйткені қазақ әйелдер боксы дегенде кімнің болмасын есіне Назым есімі түсетіні белгілі. Жеті рет ел чемпионы атанғаны тағы бар. Ол сіз бен біздің ғана емес, жас спортшылардың да кеудесіне шырақ жаққан боксшы. Кім не десе де арманына адал болған ару тағы бір қадам жасады. Токтамайтынын, әлі де алға жылжитынын көрсетті. Көзде жалын барда, жас маңызды емесін, әлі де алып-қосары барын дәлелдеді.

МЕЙІРІМ ӘЛЕМДІ ҚҰТҚАРАДЫ

Спортшылар Олимпиадада физикалық және эмоциялық күшін қатар бәйгеге қосады. Кейде эмоция шынысын толтыра алмай қалатынымыз бар. Сондай тұста бапкердің қолдауы ауадай қажет. Қырғыз боксшысы Мұнарбек Сейітбекұлы Парижде жеке бапкерсіз келді. Беганас Сұлтанбаев виза мәселесіне байланысты аламанға қатыса алмады. Соны білген өзбек бапкері Акмал Хасанов Мұнарбекке секундант болып, бетіне су бүркіп, білгенін айтты. Хасановтың бұл ісі Орталық Азия елдерінің бауырмал әрекетін бүкіл әлемге паш етті. Осыған қарап бас шайқап, тәңгі болғандар жетерлік. Қызығы сол, Сейітбекұлы бокстан қырғыз тарихында тұңғыш рет финалда жұдырықтасады. 57 келіге дейінгі салмақта өзбек мықтысы Әбдумәлік Халовпен алтын жүлдені сарапка салады.

бұрышынан Жоламанға бар білгенін айтып, тақым қысып отырды. Әлеуметтік желідегілер Хәкім ақсақалдың шәкіртін демегенін көріп сүйсініп, «Жоламан ақсақал үшін медаль алуға міндетті» десті. Шаршенбеков жүлде алған соң, халық «Америкада шәкіртіңіздің алтыннан алқа таққанын көрейік» деп 87 жастағы бапкерге тілегін жаудырды.

Ол-ол ма, грек-рим күресінде кубалық Михаил Лопес айды аспаннан бір-ақ шығарды. Қатарынан бес мәрте Олимпиада чемпионы атанды. Бейжіңнен бастап басталған жол Франция астанасында аяқталды. 130 келіге дейінгі салмақта күресетін балуан 20 жыл ішінде қарсылас шақ келтірмеген. 40-тан асқан шағында бесінші мәрте олимп шыңын бағындырғаны бойында толассыз күш-жігердің барын дәлелдеді. Көз алдына дәл бір қазақ ертегісіндегі бойында алып күші бар диу елестейтіндей. Мұнша алып күштің қайдан келіп жатқанын білмей дал болатының тағы бар. Онымен қоймай осынша жасқа келгенде бабында жүргені де — биіктік. Иә, карьерасында қай спортшы болмасын нүктені әдемі қойғысы келеді-ақ. Лопес құдды киноның соңғы эпизодын таспалап жатқандай әсер қалдырды. Чили өкілі Фернандесті «жыққан» соң, жанкүйерге қарап алғысын білдірді де, бозкілемнің ортасына қайта келді. Үнсіз отыра қалып, бөтенкесінің бауын шешіп, сүйді. Екеуін бірдей дәл ортаға қойды да, «қош бозкілем, қош, бітпес айқас» дегендей артына бұрылмасаң бапкеріне аяндады. Бапкерімен құшағы айқаса кеткенде көз жасына ерік берді. Бетін басып жылап, стадиондағы жанкүйерлеріне сәлем жолдады. Осылайша, балуанның аңызға бергісіз мансабы аяқталды. Карьерасына қарап Абайдың «өзіңмен күрес өлгенше» дейтіні еске түседі. Ол әр олимпиада сайын қарсыласымен ғана емес, ішкі «менімен» және мықтымын дейтін жігерімен күрескендей...

Ал жеңіл атлет Арманд Дюплантис сырықпен секіруден әлем рекордтың жаңартты. Мұны сарапшылар «Дюплантис тағы да космосқа барып қайтты» деп бағалады. Расымен, оның бәрінен оза шабатынына күмән болған жоқ. Бірақ әлем рекордтың жаңартып-жаңартпайтыны жайында сұрақ болды. Қызығы сол, 6, 24 метрлік биіктік те Дюплантистің еншісінде еді. Франция төрінде жеңіл атлет алдымен 6 метр биікке секіріп, чемпион атанды. Одан кейін 6,10 метрге секіріп олимпиада рекордтың жаңартты. Ал үшінші мүмкіндігінде 6,25 метрді бағындырып, әлем рекордтың бұзды. Дюплантистің секіргенін көрген жанкүйерлер ерік-жігер танытса адамның жетпейтін биігі жоғын көзбен көрді. Математикалық дәлдікпен есептегендей сырықты дәл тіреп секіргені тандай қағарлық сәт. Өз рекордтың өзі жаңартқан жеңіл атлет осымен екінші рет Олимпиада чемпионы атанды. Жеңісті жанкүйерлерімен бірге тойлап, жеңісін күллі швед халқына арнады. Қатарынан екінші олимпиада жүлдесі — жанкешті жұмысы мен спортты сүйгенінің арқасы.

Жасанды интеллект

Өнерді өсіре ме, өшіре ме?



мекші тетіктерін сынап жатқан өнер иелері де аз емес, тіпті кейбірі нағыз өнерге қолғабыс ете алмайтынын алға тартады. Жақында британ жазушысы Салман Рушди «жасанды интеллектің менің стилімде жазған мәтінін қосқасқа тастай салуға болады» деп сыға алды.

Америкалық каламгер Джон Гришэм мен «Тактар таласы» туындысының авторы Джордж Р. Мартин де бұл пікірді қуаттады. Олар 2023 жылы OpenAI компаниясының ChatGPT құрастырушысына «авторлық құқықты бұзды» деген айыппен топтық шағым түсірген жазушылардың қатарында болды.


Сондай-ақ былтыр неміс фотографы Борис Элдагсен Sony World Photography Awards байқауының бас жүлдесінен бас тартқан болатын. Өйткені оның конкурста ұсынған Pseudomnia: The Electrician суретін жасанды интеллект салып берген екен. DALL-E 2 құралының көмегімен жасалған жұмысын фотограф бұл байқауға әдейі ұсынған көрінеді. Сол арқылы дүниежүзілік конкурстардың нағыз өнерді жасанды машинаның шартты сызбасынан ажыратуға қаншалықты қауқары жететінін байқап көргісі келген.

«ЖИ жасаған суреттер мен шынайы фотография мұндай премиялар аясында бір-бірімен бәсекеге әсте түсе алмауға тиіс. Өйткені бұлар – табиғаты мүлдем бөлек дүниелер. ЖИ – фотосурет өнерін жасай алмақ емес. Егер осы салада ізденетін жастар бар болса, ЖИ туындылары үшін бөлек байқау, не бөлек аталым болуы керек. SWPA жүлдесін қабыл алмаймын, себебі бұл мәселеге қоғам назарын аударғым келеді. Сонда бәлкім шешіміне асығармыз», – деп атап өткен болатын Борис Элдагсен.

Вloomberg мәліметінше, Вгенеративті ЖИ индустриясының құны жақын онжылдықта 1,3 трлн долларға жетпек. Яғни, ChatGPT-дің дамуы қарқын алмаса, кенжелеп қалмайды. Сарапшылар бұдан кейінгі жылдары жасанды интеллект компаниялар мен өндірістің жұмыс барысына, әсіресе шығармашылық процестерге тереңірек енетінін айтады. Сондықтан кем дегенде өнер иелерінің – жазушылар, суретшілер, музыканттардың жанайқайына құлақ асатын, әсіресе шынайы хәм түпнұсқалы өнерді қорғау және авторлық құқық мәселелерін реттейтін заңнамалық тетіктер керек.

Асыл ТҰМАР

Жақында Абайдың қос ұлы Ақылбай және Мағауиямен бірге түскен суретіне жасанды интеллектің көмегімен жан бітіп, көпшіліктің қызу талқысына түсті. Желі қолданушылардың бірі бұл жаңашылдыққа «тарих тірілгендей» деп қуанып жатса, енді бірі түпнұсқаға тиіспеу керегін, бұл оның құндылығын жоятынын айтып, наразы болды. Жалпы, жасанды интеллектің түрлі тетігі өнер мен әдебиеттің салаларына септесіп, қоғамды таңғалдырудан жалықпай келеді. Әйтсе де, бұл жетістік пе, әлде қауіп пе?



Акутагава әдеби премиясының 17-лауреаты атанған жапон жазушысы Риэ Кудан жүлделі романын жазған кезінде ChatGPT көмегіне жүгініпті. «Бұл кітабымды «елес автормен» бірге жаздық» деген каламгер туындының бес пайызы жасанды интеллект құрастырған сөйлемдерге (яғни, сөзбе-сөз көшірмесіне) тиесілі екенін мойындаған. Сондай-ақ автор ЖИ-мен жиі сұхбат құрып, өзгеге айта алмайтын сырымен бөліскенін, ал ChatGPT жауаптары шығарма диалогтеріне арқау болғанын айтқан.

33 жастағы жазушының «Токиодағы өкініш мұнарасы» атты романы қазылардың жоғары бағасын алды, олар тіпті «мін табу қиын» деген болатын. Алайда әдебиетсүйер қауымның пікірі бұл орайда екіге жарылды: жасанды интеллектің мүмкіндігін ұтымды пайдаланған автордың қырағылығына таңданғандар да, «әдебиетті мазак етті, қылқалам ұшынан тумаған шығарма атакты премияға лайық емес» деп сынағандар да табылды. Ал Акутагава жүлдесін табыстайтын ұйым бұл жағдайға пікір білдірген жоқ.

Ғылыми фантастика жанрында жазатын каламгер



Борис Элдагсеннің жасанды интеллектің көмегімен жасаған жүлделі суреті – Pseudomnia: The Electrician

Тим Бушэ жасанды интеллектің көмегімен тоғыз айда 97 кітап шығарған. Әр туынды 2000-5000 сөзден және 40-140 суреттен тұрады. Автор ой талқы мен мәтін өңдеу үшін ChatGPT-дің, ал иллюстрация жасау үшін Midjourney қызметінің көмегіне жүгінген. Жазушының айтуынша, бір кітапты баспаға дайындауға 6-8, кейде тіпті 3 сағат жеткілікті болған.

Insider басылымына берген сұхбатында Бушэ кем дегенде әлі мың кітап дайындайтынын айтқан.

«Кітаптағы оқиғалар бір әлемде өрбиді, әр бөлімінде келесі кітапқа сілтейтін қызықты баяндаулар бар. Бұл оқырманды шығарманың жалғасын оқуға ынталандырады. Болашақта жасанды интеллектің мүмкіндігі дамитыны соншалық, менің бөлшек-бөлшек етіп жазып жатқан шығармаларымды үлкен бір туынды етіп жинап беретін тетіктері пайда болады, мен бұған кәміл сенемін», – дейді автор.

Фантаст-жазушы бұл шығармаларын Gumroad интернет-дүкені арқылы сатады, әрқайсысы



Ғылыми фантастика жанрында жазатын каламгер Тим Бушэ жасанды интеллектің көмегімен тоғыз айда 97 кітап шығарған. 9 айда 574 данасы сатылып, \$2000 табыс әкелген.



2-4 АҚШ доллары тұрады. 9 айда 574 данасы сатылып, \$2000 табыс әкелген.

«Жасанды интеллект менің шығармашылығымды шындай түсті, тамаша катализатор болды. Сапаны сақтай отырып, жұмыс өнімін арттыруға мүмкіндік берді. Сондай-ақ фантастика жазуға қиялдың қырағылығы қажет, ChatGPT-мен сырласу қиялымды ұштады, әртүрлі қиял әлеміне енуге мүмкіндік берді», – дейді автор.

Жасанды интеллекті жарыққа жатқандардың қарасы көп, әйтсе де, оның кө-



Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС
Директор –
Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор –
Амангелді ҚҰРМЕТ
Гүлзина БЕКТАС –
Бас редактордың
бірінші орынбасары
Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ –
Шығарушы редактор
Елдар ҚАБА –
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТЛШЛАЕР:
Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ –
Ақмола облысы
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ –
Алматы қаласы
Саятхан САТЫЛҒАН –
Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ –
Қарағанды облысы
Нәзгу НАЗАРБЕК –
Шымкент қаласы
Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА –
Батыс Қазақстан облысы
Ербақыт ЖААҒАСБАЙ –
Қызылорда облысы
Баши ЖАНУЗАҚ –
Атырау облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:
Кәсіпорындар,
мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер,
соғыс ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklama.aiqyn@gmail.com
ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(771) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»
компьютер орталығында беттелді
ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4481
Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30,
тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ
Мұқанов көшесі, 223 В
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,